Қосымша заттардың толық тізімі 6.1 бөлімде көрсетілген.



3. ДӘРІЛІК ТҮРІ

Үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар



Трипликсам, 5 мг + 1,25 мг + 5 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Бір жағында  өрнегі және екінші жағында  компания логотипі бар ақ түсті ұзынша екі беті дөңес таблеткалар.



Трипликсам, 10 мг + 1,25 мг + 5 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Бір жағында  өрнегі және екінші жағында  компания логотипі бар ақ түсті ұзынша екі беті дөңес таблеткалар.

Трипликсам, 5 мг + 2,5 мг + 10 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Бір жағында  өрнегі және екінші жағында  компания логотипі бар ақ түсті ұзынша екі беті дөңес таблеткалар.

Трипликсам, 10 мг + 2,5 мг + 10 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Бір жағында  өрнегі және екінші жағында  компания логотипі бар ақ түсті ұзынша екі беті дөңес таблеткалар.

4. КЛИНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

4.1 Қолданылуы

Трипликсам препараты ересек пациенттерді емдеу үшін қолданылады. Амлодипин, индапамид және периндоприлді бірдей дозада қабылдау аясында артериялық қысымы (АҚ) төмендеген кезде артериялық гипертензиясы бар пациенттерде терапия ретінде қолданылады.

4.2 Дозалау режимі және қолдану тәсілі

Дозалау режимі

Тәулігіне 1 рет 1 таблеткадан.

Трипликсам препаратының дозасы жекелеген компоненттер дозаларының бұрын өткізілген титрлеуінен кейін таңдалады. Ең жоғары тәуліктік доза – 10,0 мг + 2,5 мг + 10,0 мг дозада 1 таблетка.

Пациенттердің ерекше топтары

Бүйрек функциясы бұзылған пациенттер (4.3 және 4.4 бөлімдерді қараңыз)

Трипликсам бүйрек функциясының ауыр бұзылулары бар пациенттерге (креатинин клиренсі (КК) 30 мл/мин аз) қарсы көрсетілді. Бүйрек функциясының орташа бұзылулары бар пациенттерге (КК 30-60 мл/мин) Трипликсам 5,0 мг + 2,5 мг + 10,0 мг және 10,0 мг + 2,5 мг + 10,0 мг дозада қарсы көрсетілді. Емдеуді монокомпоненттердің дозаларын таңдаудан бастау ұсынылады.

Тұрақты медициналық бақылау қан плазмасындағы креатинин мен калий концентрациясын үнемі бақылауды қамтуы керек.

Алискиренмен бірге қолдану бүйрек функциясының орташа және ауыр бұзылулары бар пациенттерде (шумақтық сүзгілеу жылдамдығы (ШСЖ) <60 мл/мин/1,73 м² дене бетінің ауданы) қарсы көрсетілді (4.3 бөлімді қараңыз).

Бауыр функциясы бұзылған пациенттер (4.3, 4.4 және 5.2 бөлімдерді қараңыз)

Бауыр функциясының ауыр бұзылулары бар пациенттерде Трипликсам қарсы көрсетілді.

Бауыр функциясының жеңіл немесе орташа бұзылулары бар пациенттерде пациенттердің осы тобы үшін амлодипиннің дозасы бойынша біржақты ұсынымдар анықталмауына байланысты Трипликсам препаратын сақтықпен тағайындау керек.

Егде жастағы пациенттер (4.4 бөлімді қараңыз)

Егде жастағы пациенттерде периндоприлаттың шығарылуы баяулайды (5.2 бөлімді қараңыз). Емдеу бүйрек функциясын ескере отырып жүргізілуі керек (4.3 бөлімді қараңыз).

Бала пациенттер

Қазіргі уақытта балалар мен жасөспірімдерде Трипликсам препаратын қолданудың қауіпсіздігі мен тиімділігі туралы деректер жоқ.

Қолдану тәсілі

Ішке, тәуліктің бір уақытында, дұрысы, таңертең. Таблетканы шайнамай және ұсақтамай, сумен толықтай жұтып қою керек.

4.3 Қолдануға болмайтын жағдайлар

- амлодипинге, дигидропиридиннің басқа туындыларына, индапамидке, сульфонамидтің басқа туындыларына, периндоприлге, ангиотензинөзгертуші ферменттің (АӨФ) басқа тежегіштеріне немесе 6.1 бөлімде аталған қосымша заттардың кез келгеніне аса жоғары сезімталдық;

- гемодиализдегі пациенттер;

- декомпенсация сатысында емделмеген жүрек жеткіліксіздігі;

- бүйрек функциясының ауыр бұзылуы (КК 30 мл/мин кем);

- индапамид/периндоприл 2,5 мг/10 мг (яғни 5 мг + 2,5 мг + 10 мг Трипликсам және 10 мг + 2,5 мг + 10 мг Трипликсам) біріктірілімінің дозасы үшін бүйрек функциясының орташа бұзылуы (КК 60 мл/мин-ден аз);

- анамнезінде АӨФ тежегіштерін қабылдау аясында ангионевроздық ісіну (Квинке ісінуі) (4.4 бөлімді қараңыз);

- тұқым қуалайтын / идиопатиялық ангионевроздық ісіну;

- жүктілік (4.4 және 4.6 бөлімдерді қараңыз);

- бауыр энцефалопатиясы;
- бауыр функциясының ауыр бұзылуы;
- гипокалиемия;
- айқын артериялық гипотензия (систолалық АҚ 90 мм сынап бағанасынан аз);
- шок (кардиогендіні қоса);
- сол жақ қарыншаның шығару жолының обструкциясы (мысалы, аорта сағасының клиникалық маңызды стенозы);
- жедел миокард инфарктісінен кейінгі гемодинамикалық тұрақты емес жүрек жеткіліксіздігі;
- қант диабеті және/немесе бүйрек функциясының орташа немесе ауыр бұзылулары бар пациенттерде құрамында алискирен бар препараттармен бірлесіп қолдану (ШСЖ <60 мл/мин / 1,73 м2 дене бетінің ауданы) (4.5 және 5.1 бөлімдерді қараңыз);
- диабеттік нефропатиясы бар пациенттерде ангиотензин II рецепторларының антагонистерімен (АРА II) бірлесіп қолдану;
- валсартан + сакубитрил біріктірілімімен бірге қолдану. Триплиksam препаратын валсартан + сакубитрил біріктірілімінің соңғы дозасын қолданғаннан кейін 36 сағаттан ерте қабылдауға болмайды (4.4 және 4.5 бөлімдерін де қараңыз);
- теріс зарядталған беттермен қанның жанасуына әкелетін экстракорпоральді емдеу (сонымен қатар 4.5 бөлімді қараңыз);
- бүйрек артерияларының айқын екі жақты стенозы немесе жалғыз жұмыс істейтін бүйрек артериясының стенозы (сонымен қатар 4.4 бөлімді қараңыз);
- «пируэт» типті полиморфты қарыншалық тахикардияны тудыруы мүмкін препараттармен бірлесіп қолдану;
- QT аралығын ұзартатын препараттармен бірге қолдану;
- қан плазмасында калий мөлшері жоғары пациенттерде калий сақтайтын диуретиктермен, калий және литий препараттарымен бірлесіп қолдану.

4.4. Қолдану кезіндегі ерекше нұсқаулар мен сақтандыру шаралары

Сақтықпен

Бір ғана жұмыс істейтін бүйректің болуы, су-электролит теңгерімінің бұзылуы, дәнекер тінінің жүйелік аурулары, иммуносупрессорлармен, аллопуринолмен, прокаинамидпен емдеу (нейтропения, агранулоцитоздың даму қаупі), жедел миокард инфарктісі (және миокард инфарктісінен кейін 1 ай ішінде), СҮРЗА4 изоферментінің тежегіштерімен немесе индукторларымен бір мезгілде тағайындағанда синус түйінінің әлсіздік синдромы (айқын тахи- және брадикардия), бүйрек функциясының жеңіл және орташа бұзылуы, сүйек кемігінің қан түзілімінің тежелуі, айналымдағы қан көлемінің төмендеуі (диуретиктерді қабылдау, ас тұзын шектейтін диета, құсу, диарея, гемодиализ), гиперурикемия (әсіресе подагра және урат нефролитиазымен қатар жүретін), дантроленді, эстрамустинді бірге қолдану, декстран сульфатының көмегімен төмен тығыздықтағы липопротеин аферезі (ТТПЛ) емшарасына дейін артериялық қысымның тұрақсыздығы, бүйрек трансплантациясынан кейінгі жағдай, негроид нәсілді пациенттер, жүректің ишемиялық ауруы, цереброваскулярлық аурулар, реноваскулярлық гипертензия, қант диабеті, созылмалы жүрек жеткіліксіздігі (NYHA жіктемесі бойынша III және IV функционалды клас), калий сақтайтын диуретиктерді, калий препараттарын, құрамында калий бар ас тұзы мен литий алмастырғыштарды бір мезгілде қолдану, хирургиялық араласым/жалпы анестезия, жоғары ағымды жарғақшаларды пайдаланумен гемодиализ (мысалы, AN69®), аллергендермен десенсибилизациялайтын емдеуді бір мезгілде жүргізу (мысалы, жарғаққанаттылар уымен), аорта стенозы/митралды стеноз/ гипертрофиялық обструктивті кардиомиопатия, егде жас.

Препараттың жекелеген компоненттерін қабылдауға байланысты барлық сақтандыру шараларын Триплиksam препаратының құрамындағы бекітілген біріктірілімін қолдану кезінде ескеру қажет.

Амлодипин

Созылмалы жүрек жеткіліксіздігі

Созылмалы жүрек жеткіліксіздігі бар пациенттерді емдеу сақтықпен жүргізілуі керек.

Амлодипинді NYHA жіктемесі бойынша III және IV функционалдық класты созылмалы жүрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде қолданғанда өкпе ісінуі дамуы мүмкін. «Баяу» кальций өзектерінің блокаторларын, соның ішінде амлодипинді, жүрек-қан тамырлары оқиғалары мен өлім қаупінің жоғарылауына байланысты созылмалы жүрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде сақтықпен қолданылуы керек.

Ауыр созылмалы жүрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде (NYHA жіктемесі бойынша IV функционалды класс) емдеу төмен дозалардан және мұқият медициналық бақылаудан басталуы керек.

Артериялық гипертензиясы мен жүректің ишемиялық ауруы бар пациенттер бета-адреноблокаторларды қабылдауды тоқтатпауы тиіс: АӨФ тежегіштері бета-адреноблокаторлармен бірге қолданылуы тиіс.

Гипертониялық криз

Гипертониялық криз кезінде амлодипинді қолданудың тиімділігі мен қауіпсіздігі анықталмаған.

Индапамид

Бауыр энцефалопатиясы

Бауыр функциясының бұзылуы болған кезде тиазидті және тиазид тәрізді диуретиктерді қабылдау, әсіресе электролиттік теңгерімсіздік жағдайында, бауыр комасына дейін үдеуі мүмкін бауыр энцефалопатиясының дамуына әкелуі мүмкін. Бұндай жағдайда диуретикті қабылдауды дереу тоқтату керек.

Фотосезімталдық

Тиазидті және тиазид тәрізді диуретиктерді қабылдау аясында фотосезімталдық реакциясының даму жағдайлары туралы хабарланды (4.8 бөлімді қараңыз). Препаратты қабылдау аясында фотосезімталдық реакциясы дамыған жағдайда емдеуді тоқтату керек. Диуретиктермен емдеуді жалғастыру қажет болған жағдайда теріні күн сәулесінің немесе жасанды ультракүлгін сәулелердің әсерінен қорғау ұсынылады.

Хориоидалды жалқық, жедел миопия және салдарлы жабық бұрышты глаукома

Сульфонамидтер немесе сульфонамид туындылары көру өрісінің ақауы, қысқа мерзімді миопия және жедел жабық бұрышты глаукома бар хориоидалды жалқықтың дамуына әкелетін идиосинкратикалық реакцияларды тудыруы мүмкін. Симптомдарға әдетте дәрі қабылдағаннан кейін бірнеше сағат немесе апта ішінде пайда болатын көру жітілігінің төмендеуі немесе көздің ауыруы жатады. Ем болмаған кезде жедел жабық бұрышты глаукома көру қабілетінің тұрақты қайтымсыз жоғалуына әкелуі мүмкін. Емдеу, ең алдымен, препаратты қолдануды мүмкіндігінше тезірек тоқтатудан тұрады. Егер көзішілік қысым бақылаусыз қалса, шұғыл дәрі-дәрмектік емдеу немесе хирургиялық араласу қажет болуы мүмкін. Жедел жабық бұрышты глаукоманың даму қаупі факторлары сульфонамидтерге немесе пенициллинге анамнездегі аллергиялық реакциялар болуы мүмкін.

Қан плазмасындағы кальций иондарының мөлшері

Тиазидті және тиазид тәрізді диуретиктер бүйрек арқылы кальций иондарының шығарылуын азайтып, қан плазмасындағы кальций иондарының шамалы және уақытша жоғарылауына әкелуі мүмкін. Айқын гиперкальциемия бұрын диагностикаланбаған гиперпаратиреоздың салдары болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда диуретиктерді қабылдауды тоқтатып, қалқанша маңы бездерінің функциясын зерттеу керек (4.8 бөлімді қараңыз).

Қан плазмасындағы магний

Тиазидтер мен тиазид тәрізді диуретиктер, соның ішінде индапамид, гипомагниемияға әкелуі мүмкін магнийдің несеппен шығарылуын жоғарылататыны көрсетілген (4.5 және 4.8 бөлімдерді қараңыз).

Несеп қышқылы

Қан плазмасында несеп қышқылының концентрациясы жоғарылаған пациенттерде емдеу аясында подагра ұстамаларының жиілігі артуы мүмкін.

Периндоприл

Калий сақтайтын диуретиктер, калий препараттары, құрамында калий бар ас тұзын алмастырғыштар және тағамдық қоспалар

Периндоприлді және калий сақтайтын диуретиктерді, сондай-ақ калий препараттарын, құрамында калий бар ас тұзын алмастырғыштар мен тағамдық қоспаларды бір мезгілде тағайындау ұсынылмайды (4.5 бөлімді қараңыз).

Ренин-ангиотензин-альдостерон жүйесінің (РААЖ) қос блокадасы

АӨФ тежегіштерін АРА II немесе алискиренмен бір мезгілде қолданғанда артериялық гипотензия, гиперкалиемия және бүйрек функциясының бұзылуы (жедел бүйрек жеткіліксіздігін қоса) қаупінің артуы туралы деректер бар. Сондықтан АӨФ тежегіштерін АРА II немесе алискиренмен біріктіру нәтижесінде РААЖ қос блокадасы ұсынылмайды (4.5 және 5.1 бөлімдерді қараңыз). Егер қос блокада қажет болған кезде онда ол бүйрек функциясын, қан плазмасындағы электролит деңгейін және АҚ үнемі бақылап отыратын маманның қатаң бақылауымен жүргізілуі керек.

АӨФ тежегіштерін ангиотензин II рецепторларының антагонистерімен бір мезгілде қолдану диабеттік нефропатиясы бар пациенттерде қарсы көрсетімді болады және басқа пациенттерде де ұсынылмайды.

Нейтропения / агранулоцитоз/тромбоцитопения / анемия

АӨФ тежегіштерін қабылдау аясында нейтропения/агранулоцитоз, тромбоцитопения және анемияның дамуы туралы хабарламалар бар. Бүйрек функциясы қалыпты пациенттерде және басқа ауырлататын факторлар болмаған кезде нейтропения сирек дамиды. Периндоприлді дәнекер тінінің жүйелік аурулары бар пациенттерде, иммуносупрессанттарды, аллопуринолды немесе прокаинамидті қабылдау аясында немесе оларды біріктіру кезінде, әсіресе бүйрек функциясы бұзылған пациенттерде аса сақтықпен қолдану керек.

Бұл пациенттердің кейбірінде кейбір жағдайларда қарқынды антибиотикалық терапияға төзімді болған ауыр инфекциялар пайда болды. Бұндай пациенттерге периндоприлді тағайындау кезінде қандағы лейкоциттерді мезгіл-мезгілімен бақылау ұсынылады және пациенттер дәрігерге инфекциялық аурулардың кез келген белгілері туралы хабарлауға тиіс (мысалы, тамақ ауруы, қызба) (4.8 бөлімді қараңыз).

Реноваскулярлық гипертензия

Бүйрек артерияларының екі жақты стенозы немесе жалғыз жұмыс істейтін бүйрек артериясының стенозы бар пациенттерде АӨФ тежегіштерімен емдеу аясында артериялық гипотензия мен бүйрек жеткіліксіздігінің даму қаупі артады (4.3 бөлімді қараңыз). Диуретиктерді қолдану қосымша қауіп факторы болуы мүмкін. Бүйрек функциясының нашарлауы қан сарысуындағы креатинин концентрациясының шамалы өзгеруі кезінде тіпті бүйрек артериясының бір жақты стенозы бар пациенттерде де байқалуы мүмкін.

Жоғары сезімталдық / ангионевроздық ісіну

АӨФ тежегіштерін, соның ішінде периндоприлді қабылдаған кезде сирек жағдайларда беттің, аяқ-қолдың, еріннің, тілдің, дауыс саңылауының және/немесе көмейдің ангионевроздық ісінуінің дамуы байқалуы мүмкін. Бұл емдеудің кез келген кезеңінде болуы мүмкін.

Симптомдар пайда болған кезде препаратты қабылдауды дереу тоқтатылуы тиіс және пациент ісіну белгілері толығымен жойылғанға дейін тексеруде болуы керек. Егер ісіну тек бет пен ерінге әсер етсе, онда оның көріністері әдетте өздігінен өтеді, дегенмен симптомдарды емдеу үшін антигистаминді дәрілер қолданылуы мүмкін.

Көмейдің ісінуімен қатар жүретін ангионевроздық ісіну өлімге әкелуі мүмкін. Тілдің, дауыс саңылауының немесе көмейдің ісінуі тыныс алу жолдарының бітелуіне әкелуі мүмкін, бұл жағдайда дереу қарқынды терапия жүргізілуі керек. Бұндай симптомдар пайда болғанда, эпинефрин (адреналин) 1:1000 (0,3–0,5 мл) ерітіндісін дереу енгізу керек және/немесе тыныс алу жолдарының өткізгіштігін қамтамасыз ету керек. Пациент симптомдар толық және тұрақты түрде жойылғанға дейін медициналық бақылауда болуы керек.

Негроидты нәсілді пациенттерде басқа нәсілдермен салыстырғанда АӨФ тежегіштерін қабылдау аясында ангионевроздық ісінудің даму жиілігі жоғары болды.

Анамнезінде АӨФ тежегіштерін қабылдауға байланысты емес Квинке ісінуі бар пациенттерде препаратты қабылдау кезінде оның даму қаупі жоғары болуы мүмкін (4.3 бөлімді қараңыз).

АӨФ тежегіштерімен емдеу аясында ішектің ангионевроздық ісінуінің сирек жағдайлары туралы хабарламалар бар. Бұл ретте пациенттерде іштің ауыруы жеке симптом ретінде немесе жүрек айнумен және құсумен қатар жүретін кейбір жағдайларда беттің ангионевроздық ісінуінсіз және С1-эстеразаның қалыпты деңгейінде байқалды. Диагноз іш аймағының компьютерлік томографиясы, ультрадыбыстық зерттеу арқылы немесе хирургиялық араласу кезінде анықталды. Симптомдар АӨФ тежегіштерін тоқтатқаннан кейін басылды. Сондықтан, АӨФ тежегіштерін қабылдайтын іштің ауыруы бар пациенттерде дифференциалды диагностиканы жүргізу кезінде ішектің ангионевроздық ісінуінің даму мүмкіндігін ескеру қажет.

Ангионевроздық ісінудің даму қаупінің жоғарылауына байланысты (4.3 бөлімді қараңыз) периндоприлді валсартан + сакубитрил біріктірілімімен бірге қолдануға болмайды. Валсартан + сакубитрил біріктірілімін қолдану периндоприлдің соңғы дозасын қабылдағаннан кейін 36 сағаттан ерте болмауы мүмкін. Егер валсартан + сакубитрил біріктірілімімен емдеу тоқтатылса, периндоприлді қолдануды валсартан + сакубитрил біріктірілімінің соңғы дозасын қабылдағаннан кейін 36 сағаттан ерте бастауға болмайды (4.3 және 4.5 бөлімдерді қараңыз).

АӨФ тежегіштерін неприлизин тежегіштерімен (мысалы, рацекадотрил), mTOR тежегіштерімен (мысалы, сиролimus, эверолимус, темсиролimus) және глиптиндермен (мысалы, линаглиптин, саксаглиптин, ситаглиптин, видаглиптин) бірлесіп қолдану ангионевроздық ісінудің даму қаупінің жоғарылауына әкелуі мүмкін (мысалы, тыныс алу жолдарының немесе тілдің ісінуі, бұзылған тыныс алу немесе онсыз) (4.5 бөлімді қараңыз). Рацекадотрил, mTOR тежегіштері (мысалы, сиролimus, эверолимус, темсиролimus) мен глиптиндерді (мысалы, линаглиптин, саксаглиптин, ситаглиптин, видаглиптин) АӨФ тежегіштерін қабылдап жүрген пациенттерге тағайындағанда сақ болу керек.

Десенсибилизация кезіндегі анафилаксиялық реакциялар

Жарғаққанатты жәндіктердің (аралар түрі) уымен десенсибилизациялау терапиясы кезінде АӨФ тежегіштерін қабылдайтын пациенттерде ұзақ мерзімді, өмірге қауіп төндіретін анафилаксиялық реакциялардың дамуы туралы жеке хабарламалар бар. АӨФ тежегіштерін күрделі аллергологиялық анамнезі бар немесе десенсибилизация емшарасынан өтетін аллергиялық реакцияларға бейімділігі бар пациенттерде сақтықпен қолдану керек, сондай-ақ жарғаққанатты жәндіктердің уымен иммунотерапия алатын пациенттерге АӨФ тежегіштерін тағайындаудан аулақ болу керек. Алайда, анафилаксиялық реакцияны десенсибилизация емшарасы басталғанға дейін кемінде 24 сағат бұрын АӨФ тежегіштерін уақытша тоқтату арқылы болдырмауға болады.

ТТЛП аферезін жүргізу кезіндегі анафилаксиялық реакциялар

Сирек жағдайларда АӨФ тежегіштерін қабылдайтын пациенттерде декстран сульфатын пайдаланып ТТЛП аферезін жүргізу кезінде өмірге қауіп төндіретін анафилаксиялық

реакциялар дамуы мүмкін. Анафилаксиялық реакцияны алдын алу үшін аферездің әр емшарасы алдында АӨФ тежегіштерімен емдеуді уақытша тоқтату керек.

Гемодиализ

АӨФ тежегіштерін қабылдайтын пациенттерде жоғары ағымды жарғақшаларды (мысалы, AN69®) пайдаланумен гемодиализді жүргізу кезінде анафилаксиялық реакциялар байқалды. Сондықтан жарғақшаның басқа түрін қолданған жөн немесе басқа фармакотерапиялық топтың гипертензияға қарсы препаратын қолданған жөн.

Бастапқы гиперальдостеронизм

Бастапқы гиперальдостеронизмі бар пациенттер, әдетте, әсері ренин-ангиотензин жүйесінің тежелуіне негізделген гипертензияға қарсы препараттарға сезімтал емес. Осылайша, аталмыш препаратты осы пациенттерде қолдану ұсынылмайды.

Жүктілік

Жүктілік кезінде АӨФ тежегіштерін қабылдау қарсы көрсетімді. Жүктілікті жоспарлап отырған пациент әйелдер жүктілік кезінде қабылдаған кезде белгіленген қауіпсіздік бейіні бар гипертензияға қарсы емдеудің басқа түрлеріне ауысуы керек. Жүктілік расталған кезде АӨФ тежегіштерін қабылдауды дереу тоқтатып, қажет болған жағдайда талапқа сай гипертензияға қарсы емдеуді бастау керек (4.3 және 4.6 бөлімдерді қараңыз).

Жөтел

АӨФ тежегіштерімен емдеу аясында құрғақ жөтел пайда болуы мүмкін. Жөтел осы топтың препараттарын қабылдау аясында ұзақ уақыт сақталады және олар тоқтатқаннан кейін жоғалады. Пациентте құрғақ жөтел пайда болған кезде осы симптомның ықтимал ятрогендік сипатын есте ұстаған жөн. Егер дәрігер пациентке АӨФ тежегіштерімен ем қажет деп санаса, препаратты қабылдауды жалғастыруды қарастыруға болады.

Митралды стеноз/аорта стенозы/гипертрофиялық обструктивті кардиомиопатия

АӨФ тежегіштері сол жақ қарыншаның шығару жолдарының обструкциясы бар пациенттерге сақтықпен тағайындалуы керек.

Этникалық айырмашылықтар

Периндоприл, басқа АӨФ тежегіштері сияқты, басқа нәсілдермен салыстырғанда негроидты нәсілді пациенттерде айқындығы төмен гипотензивті әсер етеді. Бұл айырмашылық артериялық гипертензиясы бар негроидты нәсілді пациенттерде рениннің төмен белсенділігі жиі байқалуымен шартталуы мүмкін.

Хирургиялық араласу / жалпы анестезия

Жалпы анестезияны қолданумен хирургиялық араласуға ұшыраған пациенттерде АӨФ тежегіштерін қолдану, әсіресе гипертензияға қарсы әсері бар жалпы анестезияға арналған дәрілерді пайдаланған кезде, АҚ айқын төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Мүмкіндігінше операциядан бір күн бұрын ұзақ әсер ететін АӨФ тежегіштерін, соның ішінде периндоприлді қабылдауды тоқтату ұсынылады.

Реноваскулярлық гипертензиясы бар пациенттер

Реноваскулярлық гипертензияны емдеу әдісі-реваскуляризация болып табылады. Дегенмен, АӨФ тежегіштерін қолдану хирургиялық араласуды күткен пациенттерде де, хирургиялық араласу мүмкін болмаған жағдайда да пайдалы болуы мүмкін.

Бүйрек артериясының стенозы бар немесе оның болуы болжамды пациенттерде емдеуді тоқтатқан кезде жоғалып кететін функционалдық бүйрек жеткіліксіздігі дамуы мүмкін болғандықтан, Трипликсам® препаратын қолданған кезде емдеуді бүйрек функциясын және

қандағы калий деңгейін тұрақты бақылаумен төмен дозалы стационар жағдайында бастау керек.

Атеросклероз

Артериялық гипотензия қаупі барлық пациенттерде бар, алайда, жүректің ишемиялық ауруы және цереброваскулярлық жеткіліксіздігі бар пациенттерде ерекше сақ болу керек. Мұндай пациенттерде емдеуді препараттың төмен дозаларынан бастау керек.

Периндоприл / индапамид

Литий препараттары

Периндоприлді және индапамидті литий препараттарымен бір мезгілде қолдану ұсынылмайды (4.5 бөлімді қараңыз).

Артериялық гипотензия және су-электролит теңгерімінің бұзылуы

Бастапқы гипонатриемияның болуы (әсіресе бүйрек артериясының стенозы бар пациенттерде) артериялық гипотензияның кенеттен даму қаупіне байланысты. Сондықтан мысалы, диареядан немесе құсудан кейін, сусызданудың клиникалық белгілерін және қан плазмасындағы электролиттердің төмендеуін жүйелі түрде бағалау керек. Мұндай пациенттерге қан плазмасының электролиттері мөлшерін үнемі бақылау қажет.

Айқын артериялық гипотензия кезінде вена ішіне 0,9% натрий хлориді ерітіндісін енгізу қажет болуы мүмкін.

Өтпелі артериялық гипотензия емдеуді жалғастыруға қарсы көрсетім болмайды. АҚК және АҚ қалпына келтірілгеннен кейін емдеуді төмен дозалы біріктірілімді қолдана отырып қалпына келтіруге немесе монотерапия режимінде препараттың компоненттерін қолдануға болады.

Бастапқы кезеңде гипонатриемия клиникалық симптомдармен қатар жүрмеуі мүмкін, сондықтан үнемі зертханалық бақылау қажет. Натрий ионының құрамын жиі бақылау егде жастағы және бауыр циррозы бар пациенттерге көрсетіледі (4.8 және 4.9 бөлімдерді қараңыз). Кез келген несеп айдайтын препараттармен емдеу кейде өте ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін гипонатриемияны тудыруы ықтимал.

Гиповолемиясы бар гипонатриемия сусыздану мен ортостатикалық гипотензияның себебі болуы мүмкін. Хлор иондарының бір мезгілде жоғалуы салдарды компенсаторлық метаболиздік алкалозға әкелуі мүмкін: бұл әсердің жиілігі мен дәрежесі болмашы.

Қант диабеті бар пациенттер

1 типті қант диабеті бар пациенттерде (калий ионының өздігінен жоғарылау қаупі) емдеу төмен дозалардан және мұқият медициналық бақылаумен басталуы керек.

Препаратты гипогликемиялық дәрілерді немесе инсулинді қабылдайтын қант диабеті бар пациенттерге тағайындаған кезде емдеудің бірінші айында қан плазмасындағы глюкоза концентрациясын үнемі бақылау қажет. Қант диабеті бар пациенттерде, әсіресе гипокалиемия болған кезде қандағы глюкоза деңгейін бақылау қажет.

Амлодипин / периндоприл

Бауыр жеткіліксіздігі

Сирек жағдайларда, АӨФ тежегіштерін қабылдау аясында бауырдың фульминантты некрозына дейін үдейтін, кейде өліммен аяқталатын холестаздық сарғаю пайда болады. Бұл синдромның даму механизмі түсініксіз. АӨФ тежегіштерін қабылдайтын пациенттерде сарғаю пайда болғанда немесе «бауыр» ферменттерінің белсенділігі едәуір жоғарылағанда АӨФ тежегіштерін қабылдауды тоқтатып, дәрігерге жүгіну керек (4.8 бөлімді қараңыз).

Бауыр функциясы бұзылған пациенттерде $T_{1/2}$ және AUC амлодипині жоғарылайды. Амлодипинді қабылдауды ең төменгі дозалардан бастау керек және емдеудің басында да, дозаны жоғарылатуда да сақтандыру шараларын сақтау керек. Бауырдың ауыр жеткіліксіздігі

бар пациенттерде клиникалық жағдайды мұқият бақылауды қамтамасыз ете отырып, дозаны біртіндеп арттыру керек.

Бауыр жеткіліксіздігі бар пациенттерде Триплиksam препаратына зерттеу жүргізілген жоқ. Препараттың құрамына кіретін әрбір компоненттің әсерін ескере отырып, Триплиksam препараты бауыр жеткіліксіздігінің ауыр дәрежесі бар пациенттерге қарсы көрсетімді, сондай-ақ бауыр жеткіліксіздігінің орташа және жеңіл дәрежесі бар пациенттерге тағайындағанда ерекше сақтықты талап етеді.

Амлодипин / индапамид / периндоприл

Бүйрек функциясының бұзылуы

Препарат бүйрек функциясының ауыр бұзылулары бар пациенттерге қарсы көрсетімді (КК 30 мл/мин аз) (4.3 бөлімді қараңыз).

Бүйрек функциясының орташа бұзылуы бар пациенттерде (кк 30-60 мл/мин) құрамында 2,5 мг индапамид және 10 мг периндоприл бар дозаларда Триплиksam препараты қолдануға қарсы көрсетімді (яғни Триплиksam препаратының дозасы 5 мг + 2,5 мг + 10 мг және 10 мг + 2,5 мг + 10 мг).

Бүйрек функциясының бұрынғы айқын бұзылуынсыз артериялық гипертензиясы бар кейбір пациенттерде емдеу аясында функционалды бүйрек жеткіліксіздігінің зертханалық белгілері пайда болуы мүмкін. Бұл жағдайда препаратпен емдеуді препараттың төмен дозаларын пайдалана отырып, біріктірілген емдеуді одан әрі жалғастыру мүмкіндігімен тоқтату керек немесе препараттың компоненттерін монотерапия режимінде пайдалану керек.

Мұндай пациенттерге емдеу басталғаннан 2 аптадан кейін және одан кейін әрі 2 ай сайын қан сарысуындағы калий мен креатинин иондарының мөлшерін үнемі бақылау қажет. Бүйрек жеткіліксіздігі ауыр созылмалы жүрек жеткіліксіздігі немесе бүйрек функциясының бастапқы бұзылуы бар пациенттерде, соның ішінде бүйрек артериясының стенозында жиі кездеседі.

Триплиksam препараты бүйрек артерияларының екі жақты стенозы немесе жалғыз жұмыс істейтін бүйрек артериясының стенозы бар пациенттерге ұсынылмайды.

Артериялық гипотензия және/немесе бүйрек жеткіліксіздігі (созылмалы жүрек жеткіліксіздігі, сусыздану және қан плазмасындағы электролиттердің азаюы және т. б. болған кезде) қауіп бар: кейбір патологиялық жағдайларда, әсіресе ауыр гиповолемия және қан плазмасындағы электролиттер мөлшерінің төмендеуі кезінде (тұзсыз диета немесе диуретиктерді ұзақ уақыт қолдану аясында), басынан АҚ төмен, бүйрек артериясының стенозы (соның ішінде екі жақты), созылмалы жүрек жеткіліксіздігі немесе ісінуі мен асциті бар бауыр циррозы бар пациенттерде РААЖ айтарлықтай белсендірілуі байқалуы мүмкін.

АӨФ тежегіштерімен РААЖ блокадасы АҚ күрт төмендеуімен және/немесе функционалды бүйрек жеткіліксіздігінің дамуын көрсететін қан плазмасындағы креатинин концентрациясының жоғарылауымен қатар жүруі мүмкін. Бұл құбылыстар көбінесе препараттың бірінші дозасын қабылдағанда немесе емдеудің алғашқы екі аптасында байқалады. Кейде бұл жағдайлар жедел дамиды және олардың басталу уақыты өзгеруі мүмкін. Мұндай жағдайларда емдеуді төменгі дозалардан бастап, оларды біртіндеп көбейту ұсынылады. АЖЖ және цереброваскулярлық аурулары бар пациенттерде АҚ күрт төмендеуі миокард инфарктісіне немесе ми қан айналымының бұзылуына әкелуі мүмкін.

Тиазидті және тиазид тәрізді диуретиктер бүйрек функциясы қалыпты немесе шамалы бұзылған пациенттерде ғана тиімді (ересек пациенттерде қан плазмасындағы креатинин концентрациясы 25 мг/л немесе 220 мкмоль/л төмен). Егде жастағы пациенттерде креатинин деңгейін жасына, дене салмағына және жынысына қарай бағалау керек.

Диуретиктермен емдеудің басында гиповолемия мен гипонатриемияға байланысты пациенттерде шумақтық сүзгілеу жылдамдығының уақытша төмендеуі және қан плазмасындағы мочевины мен креатинин концентрациясының жоғарылауы байқалуы мүмкін. Бұл өтпелі функционалды бүйрек жеткіліксіздігі бүйрек функциясы өзгермеген пациенттер үшін қауіпті емес, алайда бастапқы бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде оның айқындылығы күшеюі мүмкін.

Бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттер амлодипинді стандартты дозада қабылдай алады. Амлодипиннің плазмалық концентрациясының өзгеруі бүйрек функциясының бұзылу дәрежесімен өзара байланысты емес. Бүйрек дисфункциясы кезінде Триплиksam препаратын қолдану бойынша арнайы зерттеулер жүргізілген жоқ. Бүйрек функциясы бұзылған кезде Триплиksam препаратын қолданғанда препараттың жекелеген компоненттерін қабылдау кезінде байқалған әсерлерді ескеру қажет.

Қан плазмасындағы калий иондарының мөлшері

Индапамидпен, периндоприлмен және амлодипинмен бірлескен терапия әсіресе қант диабеті немесе бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде гипокалиемияның дамуын алдын алмайды. Диуретикпен бірге басқа гипертензияға қарсы дәрілерді қолдану сияқты, қан плазмасындағы калий иондарының мөлшерін үнемі бақылау қажет.

Гиперкалиемия кейбір пациенттерде АӨФ тежегіштерімен, соның ішінде периндоприлмен емдеу кезінде дамуы мүмкін. АӨФ тежегіштері альдостеронның босауын тежейтін болғандықтан, гиперкалиемияны тудыруы мүмкін. Бұл әсер әдетте бүйрек функциясы қалыпты пациенттерде клиникалық маңызды емес. Гиперкалиемияның қауіп факторлары бүйрек жеткіліксіздігі, бүйрек функциясының нашарлауы, егде жас (>70 жас), қант диабеті, кейбір қатар жүретін жағдайлар (сусыздану, жүрек қызметінің жедел декомпенсациясы, метаболиздік ацидоз), калий сақтайтын диуретиктерді (спиронолактон, эплеренон, триамтерен, амилорид сияқты), калий препараттарын немесе құрамында калий бар тағамдық тұзды алмастырғыштарды бір мезгілде қабылдау, сондай-ақ қан плазмасындағы калий иондарының жоғарылауына ықпал ететін басқа дәрілерді (мысалы, гепарин, ко-тримоксазол, яғни, триметоприм + сульфаметоксазол біріктірілімі) және әсіресе альдостерон немесе АРА II антагонистерін қолдану болып табылады. Тағамдық қоспаларды/калий препараттарын, калий сақтайтын диуретиктерді, құрамында калий бар тағамдық тұзды алмастырғыштарды қолдану, әсіресе бүйрек функциясы төмендеген пациенттерде қандағы калийдің айтарлықтай жоғарылауына әкелуі мүмкін. Гиперкалиемия ауыр, кейде өлімге әкелетін жүрек ырғағының бұзылуына әкелуі мүмкін. АӨФ тежегіштерін қабылдайтын пациенттерде калий сақтайтын диуретиктер мен АРА II сақтықпен қолданылуы керек, сондай-ақ, қан сарысуындағы калий деңгейі мен бүйрек функциясын бақылау керек. Жоғарыда аталған дәрілерді біріктіріп қабылдау қажет болған кезде емдеу қан сарысуындағы калий иондарының мөлшерін үнемі бақылау аясында сақтықпен жүргізілуі тиіс (4.5 бөлімді қараңыз).

Тиазидті және тиазид тәрізді диуретиктермен емдеу гипокалиемияның даму қаупімен байланысты. Гипокалиемия бұлшықет бұзылыстарын тудыруы мүмкін. Негізінен ауыр гипокалиемия жағдайында рабдомиолиз жағдайлары туралы хабарланды. Жоғары қауіпті топтардағы пациенттердің келесі санаттарында: (3,4 ммоль/л-ден аз) егде жастағы және/немесе жүдеген пациенттер (олар біріктірілген дәрі-дәрмектік емдеуді алмаса да), ісінумен және асцитпен бауыр циррозы бар пациенттерде, жүректің ишемиялық ауруы, созылмалы жүрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде гипокалиемиядан аулақ болу керек. Бұл пациенттердегі гипокалиемия жүрек гликозидтерінің уытты әсерін күшейтеді және аритмияның даму қаупін арттырады.

Қауіп тобына QT аралығы ұзартылған пациенттер де кіреді, бұл ретте оның туа біткен себептерден немесе дәрілер әсерінен туындағаны маңызды болмайды.

Гипокалиемия, брадикардия сияқты, жүрек ырғағының ауыр бұзылыстарына, атап айтқанда, өлімге әкелуі мүмкін «пируэт» типті полиморфты қарыншалық тахикардияға ықпал етеді. Жоғарыда сипатталған барлық жағдайларда қан плазмасындағы калий иондарының мөлшерін үнемі бақылау қажет. Калий ионының құрамын алғашқы өлшеу емдеу басталғаннан кейінгі бірінші аптада жүргізілуі керек.

Гипокалиемия анықталған кезде тиісті ем тағайындалуы керек.

Қан сарысуындағы магнийдің төмен концентрациясымен бірге анықталған гипокалиемия қан сарысуындағы магнийдің мөлшері түзетілмесе, емдеуге резистентті болуы мүмкін.

Егде жастағы пациенттер

Препаратты қабылдауды бастамас бұрын бүйректің функционалдық белсенділігін және қан плазмасындағы калий иондарының мөлшерін бағалау қажет. Емдеудің басында препараттың дозасы әсіресе айналымдағы қан көлемінің (АҚК) төмендеуі және электролиттердің жоғалуы жағдайында АҚ төмендеу дәрежесін ескере отырып, таңдалады. Мұндай шаралар АҚ күрт төмендеуіне жол бермейді.

Егде жастағы пациенттерде дозаны жоғарылату сақтықпен жүргізілуі керек (4.2 және 5.2 бөлімдерді қараңыз).

Қосымша заттар

Бұл препараттың құрамында бір таблеткаға 1 ммольден (23 мг) аз натрий бар, яғни натрий жоқ дерлік.

Спортшылар

Препаратты тағайындау кезінде спортшыларға препараттың құрамында допинг-тесттерде оң реакцияны беруі мүмкін әсер етуші зат (индапамид) бар екенін ескеру керек.

4.5. Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесу және өзара әрекеттесудің басқа түрлері

Клиникалық зерттеулердің деректері АӨФ, АРА II немесе алискирен тежегіштерін бір мезгілде қабылдау нәтижесінде ренин-ангиотензин-альдостерон жүйесінің (РААЖ) қос блокадасы РААЖ – не әсер ететін бір ғана препарат қолданылатын жағдайлармен салыстырғанда артериялық гипотензия, гиперкалиемия және бүйрек функциясының бұзылуы (соның ішінде жедел бүйрек жеткіліксіздігі) сияқты жағымсыз реакциялардың жоғарылауына әкелетінін көрсетеді. (4.3, 4.4 және 5.1 бөлімдерді қараңыз).

Ангинеvроздық ісінудің даму қаупін арттыратын дәрілік препараттар

Ангинеvроздық ісіну қаупін арттыруы мүмкін болғандықтан, АӨФ тежегіштерін валсартан + сакубитрил біріктірілімімен бірге қолдануға болмайды (4.3 және 4.4 бөлімдерді қараңыз). Валсартан + сакубитрил біріктірілімін қолдану периндоприлдің соңғы дозасын қолданғаннан кейін 36 сағаттан бұрын пайдалануға болмайды. Периндоприлді қолдану валсартан + сакубитрил біріктірілімінің соңғы дозасын қолданғаннан кейін 36 сағаттан бұрын пайдалану мүмкін емес (4.3 және 4.4 бөлімдерді қараңыз).

АӨФ тежегіштерін рацекадотрилмен, mTOR тежегіштерімен (мысалы, сиролимус, эверолимус, темсиролимус) және глиптиндермен (мысалы, линаглиптин, саксаглиптин, ситаглиптин, вилдаглиптин) бірге қолдану ангиенеvроздық ісіну қаупінің жоғарылауына әкелуі мүмкін (4.4 бөлімді қараңыз).

Гиперкалиемияны тудыратын препараттар

Қан сарысуындағы калий деңгейі әдетте қалыпты шектерде қала беретініне қарамастан, Триплиksam препаратын қабылдап жүрген кейбір пациенттерде гиперкалиемия пайда болуы мүмкін. Триметоприм калий сақтайтын диуретик амилорид ретінде әсер ететін болғандықтан кейбір препараттар гиперкалиемияның даму қаупін арттыруы мүмкін: алискирен, калий тұздары, калий сақтайтын диуретиктер (мысалы, спиронолактон, триамтерен немесе амилорид), АӨФ тежегіштері, АРА II , қабынуға қарсы стероид емес препараттар (ҚҚСП), гепариндер, циклоспорин немесе такролимус, триметоприм және ко-тримоксазол сияқты иммуносупрессанттар (сульфаметоксазол + триметоприм). Триплиksam препаратын осы дәрілермен бір мезгілде қолдану гиперкалиемияның даму қаупін арттырады. Сондықтан Триплиksam препаратын жоғарыда аталған препараттармен бірге қолдану ұсынылмайды. Егер бірге қолдану қажет болған кезде оларды сақтықпен және қан сарысуындағы калий деңгейін жиі бақылаумен қолдану керек.

Дәрілік препараттардың қолдануға болмайтын біріктірулер (4.3 бөлімді қараңыз)

Алискирен және құрамында алискирен бар дәрілік препараттар

АӨФ тежегіштерін құрамында алискирен бар препараттармен бірге қолдану гиперкалиемия, бүйрек функциясының нашарлауы, жүрек-қан тамырлары оқиғалары мен жүрек-қан тамырлары өлімі қаупін арттыруы мүмкін болуына байланысты қант диабеті және/немесе бүйрек функциясының орташа немесе ауыр бұзылулары бар пациенттерде (шумақтық сүзілу жылдамдығы (ШСЖ) < 60 мл/мин/1,73 м² дене бетінің ауданы) қарсы көрсетілді.

Ангиотензин II рецепторларының антагонистері

Диабеттік нефропатиясы бар пациенттерде АӨФ тежегіштерін АРА II-мен бірге қолдануға болмайды (4.3 бөлімді қараңыз).

Экстракорпоралды емдеу әдістері

Қанның диализ немесе кейбір жоғары ағынды жарғақшалармен гемофилтрация (мысалы, полиакрилонитрилді жарғақшалар) және декстран сульфатын қолданатын төмен тығыздықтағы липопротеин аферезі сияқты теріс зарядталған беттермен жанасуына әкелетін экстракорпоралды емдеу әдістері, ауыр анафилаксиялық реакциялардың даму қаупін жоғарылатуына байланысты қарсы көрсетілді (4.3 бөлімді қараңыз). Егер осындай ем қажет болған кезде диализ жарғақшасының басқа түрін қолдануды немесе гипертензияға қарсы препараттардың басқа класын қолдануды қарастырған жөн.

Дәрілік препараттардың ұсынылмайтын біріктірулері

Әсер етуші зат	Өзара әрекеттесу анықталған дәрілік препарат	Өзара әрекеттесу механизмінің сипаттамасы
<i>Амлодипин</i>	Дантролен (вена ішіне енгізу)	Зертханалық жануарларда верапамилді қолдану және гиперкалиемиямен қатар жүретін дантроленді вена ішіне енгізу аясында өліммен аяқталатын қарыншалық фибрилляция және коллапс жағдайлары байқалды. Гиперкалиемияның даму қаупіне байланысты қатерлі гипертермияға ұшыраған пациенттерде, сондай-ақ қатерлі гипертермияны емдеуде «баяу» кальций өзектерінің блокаторларын, оның ішінде амлодипинді бір мезгілде қабылдауды болдырмау керек.
	Грейпфрут немесе грейпфрут шырыны	Амлодипинді бір мезгілде қабылдау және грейпфрут немесе грейпфрут шырынын тұтыну кейбір пациенттерде амлодипиннің биожетімділігінің жоғарылауына, бұл өз кезегінде АҚ төмендеуінің әсерінің күшеюіне алып келуі мүмкін болуына байланысты ұсынылмайды.
<i>Периндоприл</i>	Алискирен	Қант диабеті немесе бүйрек функциясының бұзылуы

Әсер етуші зат	Өзара әрекеттесу анықталған дәрілік препарат	Өзара әрекеттесу механизмінің сипаттамасы
		жоқ пациенттерде (шумақтық сүзгілеу жылдамдығы (ШСЖ) < 60 мл/мин/1,73 м2 дене бетінің ауданы) гиперкалиемия, бүйрек функциясының нашарлауы және жүрек-қан тамырлары аурулары мен өлудің жоғарылау қаупі артуы мүмкін (4.4 бөлімді қараңыз).
	АӨФ тежегіштерімен және ангиотензин рецепторларының блокаторларымен бірлескен терапия	Әдебиеттерде атеросклероздық ауруы, созылмалы жүрек жеткіліксіздігі немесе нысаналы-ағзалардың зақымдануымен қант диабеті бар пациенттерде АӨФ тежегіштерімен және АРА II-мен бір мезгілде емдеу гипотензия дамуының, естен танудың, гиперкалиемия және бүйрек функциясы нашарлауының (соның ішінде жедел бүйрек жеткіліксіздігінің) РААЖ-не әсер ететін тек бір препаратты қолданумен салыстырғанда жоғары жиілігімен байланысты екендігі хабарланды. Қос блокада (мысалы, АӨФ тежегіштерін АӨФ II-мен біріктіргенде) бүйрек функциясын, калий мен АҚ мұқият бақылай отырып, жеке жағдайлармен шектелуі тиіс (4.4 бөлімді қараңыз).
	Эстрамустин	Бірге қолдану ангионевроздық ісіну сияқты жағымсыз әсерлердің жоғарылау қаупіне әкелуі мүмкін.
	Калий сақтайтын диуретиктер (триамтерен, амилорид сияқты), калий тұздары	Гиперкалиемия (өлімге әкелуі мүмкін), әсіресе бүйрек функциясы бұзылған кезде (гиперкалиемияға байланысты қосымша әсерлер). Периндоприлді жоғарыда аталған дәрілік препараттармен біріктіру ұсынылмайды (4.4 бөлімді қараңыз). Дегенмен, бір мезгілде қолдану көрсетілген болса, оларды сақтандыру шараларын сақтай отырып және қан сарысуындағы калийді үнемі бақылай отырып, қолдану керек. Созылмалы жүрек жеткіліксіздігінде

Әсер етуші зат	Өзара әрекеттесу анықталған дәрілік препарат	Өзара әрекеттесу механизмінің сипаттамасы
		спиронолактонды қолдану ерекшеліктері «Ерекше назар аударуды қажет ететін дәрілік заттардың біріктірулері» бөлімінде сипатталған.
<i>Периндоприл/ Индапамид</i>	Литий препараттары	Литий препараттары мен АӨФ тежегіштерін бірге қолданған кезде қан плазмасындағы литий мөлшерінің қайтымды жоғарылауы және онымен байланысты уытты әсерлер пайда болуы мүмкін. Периндоприлді және индапамидті литий препараттары біріктірілімінде бірге қолдану ұсынылмайды. Мұндай емдеу қажет болған жағдайда қан плазмасындағы литий мөлшерін үнемі бақылау қажет (4.4 бөлімді қараңыз).

Ерекше назар аударуды қажет ететін дәрілік заттардың біріктірулері

Әсер етуші зат	Өзара әрекеттесу анықталған дәрілік препарат	Өзара әрекеттесу механизмінің сипаттамасы
<i>Амлодипин</i>	CYP3A4 цитохромы изоферментінің индукторлары	Белгілі CYP3A4 индукторларын бірге қолданған кезде плазмадағы амлодипин концентрациясы өзгеруі мүмкін. Сондықтан күшті CYP3A4 индукторларымен (мысалы, рифампицин, шілтер жапырақты шайқурай сияқты) бірге қолдану кезінде де, одан кейін де артериялық қысымды бақылау және дозаны түзету қажет.
	CYP3A4 цитохромы изоферментінің тежегіштері	Амлодипин мен күшті немесе орташа CYP3A4 тежегіштерін (протеаза тежегіштері, азол тобының зеңге қарсы препараттары, макролидтер, мысалы, эритромицин немесе кларитромицин, верапамил немесе дилтиазем, такролимус)

Әсер етуші зат	Өзара әрекеттесу анықталған дәрілік препарат	Өзара әрекеттесу механизмінің сипаттамасы
		<p>бірге қолдану амлодипин концентрациясының айтарлықтай өсуіне әкелуі мүмкін. Бұл фармакокинетикалық ауытқулардың клиникалық көріністері егде жастағы пациенттерде айқынырақ болуы мүмкін. Осыған байланысты клиникалық жағдайды бақылау және дозаны түзету қажет болуы мүмкін.</p> <p>Кларитромицинмен және амлодипинмен бір мезгілде ем қабылдайтын пациенттерде гипотензияның даму қаупі жоғары. Амлодипин және кларитромицинді бір мезгілде қолданғанда пациенттер жағдайын мұқият бақылау ұсынылады.</p>
Индапамид	«Пируэт» типті полиморфты қарыншалық тахикардияны тудыруы мүмкін препараттар	<p>Гипокалиемияның даму қаупіне байланысты индапамидті төменде көрсетілгендерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмейтін «пируэт» типті полиморфты қарыншалық тахикардияны тудыруы мүмкін препараттармен бір мезгілде тағайындағанда сақ болу керек,</p> <ul style="list-style-type: none"> • I а класындағы аритмияға қарсы препараттар (мысалы, хинидин, гидрохинидин, дизопирамид); • III класты аритмияға қарсы препараттар (мысалы, амиодарон, дофетилид, ибутилид, бретилий, соталол); • кейбір психозға қарсы препараттар: фенотиазиндер (мысалы, хлорпромазин, циамемазин,

Әсер етуші зат	Өзара әрекеттесу анықталған дәрілік препарат	Өзара әрекеттесу механизмінің сипаттамасы
		<p>левомепромазин, тиоридазин, трифлуоперазин); бензамидтер (мысалы, амисульприд, сульпирид, сульприд, тиаприд); бутирофенондар (мысалы, дроперидол, галоперидол);</p> <ul style="list-style-type: none"> • басқа психозға қарсы препараттар (мысалы, пимозид); • басқа препараттар (мысалы, бепридил, цизаприд, дифеманил, эритромицин в/і, галофантрин, мизоластин, моксифлоксацин, пентамидин, спарфлоксацин, винкамин в/і, метадон, астемизол, терфенадин). <p>Гипокалиемияның дамуын алдын-алу қажет, қажет болған жағдайда оны түзетіп, QT аралығын бақылау қажет.</p>
	<p>Амфотерицин В (в/і), глюко-және минералкортикостероидтар (жүйелік тағайындау кезінде), тетракозактид, ішек моторикасын көтермелейтін іш жүргізетін дәрілер</p>	<p>Гипокалиемияның даму қаупінің жоғарылауы (аддитивті әсер).</p> <p>Қан плазмасындағы калий деңгейін үнемі бақылау қажет, қажет болған жағдайда оны түзету қажет. Жүрек гликозидтерін бір уақытта қабылдайтын пациенттерге ерекше назар аудару керек. Ішектің қозғалғыштығын көтермелейтін іш жүргізетін дәрілерді қолдану ұсынылады.</p>
	<p>Жүрек гликозидтері</p>	<p>Гипокалиемия және / немесе гипомагниемия жүрек гликозидтерінің уытты әсерін күшейтеді. Индапамид пен жүрек гликозидтерін бір мезгілде</p>

Әсер етуші зат	Өзара әрекеттесу анықталған дәрілік препарат	Өзара әрекеттесу механизмінің сипаттамасы
		қолданғанда қан плазмасындағы калий мен магнийдің құрамын, ЭКГ көрсеткіштерін бақылау және қажет болған жағдайда емдеуді түзету қажет.
	Аллопуринол	Индапамидпен бірге қолдану аллопуринолға жоғары сезімталдық реакцияларының даму қаупінің жоғарылауымен қатар жүруі мүмкін.
Периндоприл	Гипогликемиялық дәрілер (инсулин, ішке қабылдауға арналған гипогликемиялық дәрілер)	Эпидемиологиялық зерттеулер АӨФ тежегіштері мен гипогликемиялық дәрілерді (инсулиндер, ішуге арналған гипогликемиялық дәрілер) бірге қолдану гипогликемияның дамуына дейін инсулин мен гипогликемиялық дәрілердің гипогликемиялық әсерін күшейтуі мүмкін. Бұл әсер бір мезгілде емдеудің алғашқы апталарында, сондай-ақ бүйрек функциясы бұзылған пациенттерде байқалуы мүмкін.
	Калий сақтайтын диуретиктер	Диуретиктерді, әсіресе шығаратын сұйықтықты және/немесе тұзды кетіретін сұйықтықтарды қабылдайтын пациенттерде периндоприлмен емдеудің басында даму қаупін диурездік препаратты тоқтатумен, периндоприлмен емдеуді бастамас бұрын сұйықтықтың немесе тұздардың жоғалуын толықтырумен, сондай-ақ одан әрі біртіндеп жоғарылатуға болатын периндоприлді төмен дозада

Әсер етуші зат	Өзара әрекеттесу анықталған дәрілік препарат	Өзара әрекеттесу механизмінің сипаттамасы
		<p>тағайындаумен азайтуға болатын АҚ шамадан тыс төмендеуі байқалуы мүмкін. Диуретиктерді, әсіресе шығаратын сұйықтықты және/немесе тұзды кетіретін сұйықтықтарды қабылдайтын пациенттерде артериялық гипертензия кезінде диуретиктер АӨФ тежегішін қолдану басталғанға дейін тоқтатылуы (бұл ретте калий сақтайтын диуретик кейінірек қайта тағайындалуы мүмкін) немесе АӨФ тежегіші дозасын одан әрі біртіндеп ұлғайтумен төмен дозадан бастап тағайындалуы тиіс.</p> <p>Созылмалы жүрек жеткіліксіздігі жағдайында диуретиктерді қолданған кезде АӨФ тежегіштері бір мезгілде қолданылатын калий сақтайтын диуретиктің дозасын азайтқаннан кейін төмен дозада тағайындалуы керек.</p> <p>Барлық жағдайларда бүйрек функциясы (креатинин концентрациясы) АӨФ тежегіштерін қолданудың алғашқы апталарында бақылануы керек.</p>
	Калий сақтайтын диуретиктер (эплеренон, спиронолактон)	<p>Эплеренонды немесе спиронолактонды тәулігіне 12,5 мг-ден 50 мг-ға дейінгі дозада және АӨФ тежегіштерінің төмен дозаларында қолдану:</p> <p>NYHA жіктемесі бойынша функционалды II - IV класты созылмалы жүрек жеткіліксіздігінің терапиясында сол жақ қарыншаның шығарылу фракциясы < 40%</p>

Әсер етуші зат	Өзара әрекеттесу анықталған дәрілік препарат	Өзара әрекеттесу механизмінің сипаттамасы
		<p>және бұрын қолданылған АӨФ тежегіштері мен «ілімектік» диуретиктер жағдайында, әсіресе препараттардың осы біріктіріліміне қатысты ұсыныстар сақталмаған жағдайда, гиперкалиемия қаупі бар (өлімге әкелуі мүмкін).</p> <p>Дәрілік препараттардың осы біріктірілімін қолданар алдында гиперкалиемия мен бүйрек функциясының бұзылуының жоқтығына көз жеткізу керек.</p> <p>Қандағы креатинин мен калий концентрациясын үнемі бақылау ұсынылады: емдеудің бірінші айында апта сайын, содан кейін ай сайын.</p>
	<p>Рекомбинантты тіндік плазминоген активаторлары (rtPA, алтеплаза)</p>	<p>Жедел ишемиялық инсульт кезінде тромболитикалық емдеу үшін АӨФ тежегіштерімен емделген және алтеплазамен емделген пациенттерде ангионевроздық ісінудің даму қаупі жоғары болуы мүмкін.</p>
<p><i>Периндоприл/Индапамид</i></p>	<p>Баклофен</p>	<p>Гипертензияға қарсы әсер жоғарылауы мүмкін. АҚ мен бүйрек функциясын бақылау керек, қажет болған жағдайда гипертензияға қарсы препараттардың дозасын түзету қажет.</p>
	<p>Тәулігіне ≥ 3 г дозада ацетилсалицил қышқылын қоса алғанда, қабынуға қарсы стероидты емес препараттар (ҚҚСП)</p>	<p>АӨФ және ҚҚСП тежегіштерін бір мезгілде тағайындау (қабынуға қарсы әсері бар дозада ацетилсалицил қышқылы, циклооксигеназа-2 (ЦОГ-2) тежегіштері және селективті емес ҚҚСП) гипертензияға қарсы әсердің төмендеуіне</p>

Әсер етуші зат	Өзара әрекеттесу анықталған дәрілік препарат	Өзара әрекеттесу механизмінің сипаттамасы
		<p>әкелуі мүмкін. АӨФ және ҚҚСП тежегіштерін қатар қолдану бүйрек функциясының нашарлауына, соның ішінде жедел бүйрек жеткіліксіздігінің дамуына және әсіресе бүйрек функциясы бастапқыда төмендеген пациенттерде қан сарысуындағы калийдің жоғарылауына әкелуі мүмкін. Бұл біріктірілімді тағайындау кезінде, әсіресе егде жастағы пациенттерде сақ болу керек. Пациенттер сұйықтықтың жеткілікті мөлшерін алып, бүйрек функциясын басында да, емдеу процесінде де үнемі бақылап отыру керек.</p>

Назар аударуды қажет ететін препараттардың біріктірулері

Әсер етуші зат	Өзара әрекеттесу анықталған дәрілік препарат	Өзара әрекеттесу механизмінің сипаттамасы
<i>Амлодипин</i>	Аторвастатин, дигоксин немесе варфарин	Клиникалық зерттеулерде амлодипиннің аторвастатин, дигоксин немесе варфарин фармакокинетикасының параметрлеріне әсері анықталған жоқ.
	Такролимус	Амлодипинмен бір мезгілде қолданғанда қан плазмасындағы такролимус концентрациясының жоғарылау қаупі бар. Осы препараттарды бір мезгілде қолданғанда такролимустың уытты әсерін болдырмау үшін қан плазмасындағы такролимус концентрациясын бақылау және қажет болған жағдайда оның дозасын түзету қажет.

Әсер етуші зат	Өзара әрекеттесу анықталған дәрілік препарат	Өзара әрекеттесу механизмінің сипаттамасы
	mTOR тежегіштері (сүтқоректілердің жасушаларындағы рапамициннің нысанаы)	Сиролимус, темсиролимус және эверолимус сияқты mTOR тежегіштері СYP3A субстраттары болып табылады. Амлодипин әлсіз СYP3A тежегіші болып табылады. mTOR тежегіштерімен бір мезгілде қолданғанда амлодипин олардың экспозициясын арттыра алады.
	Циклоспорин	Циклоспорин мен амлодипиннің өзара әрекеттесуін зерттеу дені сау еріктілерде немесе циклоспориннің ең аз концентрациясының (орташа 0-ден 40% - ға дейін) өзгергіштігі бар бүйрек трансплантациясын өткерген пациенттерді қоспағанда, басқа популяцияларда жүргізілмеген. Амлодипинмен бір мезгілде қолданғанда бүйрек трансплантациясынан кейін пациенттерде қан плазмасындағы циклоспорин концентрациясын бақылау мүмкіндігін қарастыру керек. Қажет болған кезде циклоспорин дозасын төмендетуге болады.
	Симвастатин	10 мг амлодипин мен 80 мг симвастатиннің бірнеше дозаларын бірге қабылдаған кезде қабылдаумен оқшауланған симвастатинмен салыстырғанда симвастатин концентрациясының 77% - ға артуы байқалды. Амлодипин қабылдаған пациенттерде симвастатинді қабылдауды тәулігіне 20 мг-ға дейін шектеу керек.
	Вирусқа қарсы дәрілер (ритонавир)	БӨКБ плазмалық концентрациясын, соның ішінде амлодипинді арттырады.

Әсер етуші зат	Өзара әрекеттесу анықталған дәрілік препарат	Өзара әрекеттесу механизмінің сипаттамасы
	Литий препараттары	Литий препараттарымен бірге қолданғанда олардың нейроуытты көріністері жоғарылауы мүмкін (жүрек айну, құсу, диарея, атаксия, тремор, құлақтың шыңылдауы).
<i>Индапамид</i>	Метформин	Диуретиктер, әсіресе «ілмектік» аясында пайда болуы мүмкін функционалды бүйрек жеткіліксіздігі метформинді бір мезгілде тағайындау кезінде сүт қышқылы ацидозының даму қаупін арттырады. Егер плазмадағы креатинин деңгейі еркектерде 15 мг/л (135 мкмоль/л) және әйелдерде 12 мг/л (110 мкмоль/л) жоғары болғанда метформинді қолдануға болмайды.
	Құрамында йод бар контрастылы заттар	Диурездік препараттарды қабылдау аясында организмді зерттеу, әсіресе құрамында йод бар контрастылы заттардың жоғары дозаларын қолданғанда, өткір сюжеттік жеткіліксіздіктің дамуына ықпал етеді. Құрамында йод бар контрастылы зарттарды қолданар алдында пациенттер сұйықтықтың жоғалуының орнын толтыруы керек.
	Кальций тұздары	Бір рет қолданғанда бүйрек арқылы кальций шығарылуының төмендеуі салдарында гиперкальциемия дамуы мүмкін.
	Циклоспорин	Тіпті судың мен натрий иондарының қалыпты мөлшері кезінде циклоспорин концентрациясының

Әсер етуші зат	Өзара әрекеттесу анықталған дәрілік препарат	Өзара әрекеттесу механизмінің сипаттамасы
		өзгеруінсіз, қан плазмасындағы креатинин концентрациясы жоғарылауы мүмкін.
<i>Периндоприл</i>	Гипертензияға қарсы және вазодилататорлар	Нитроглицеринмен, басқа нитраттармен немесе басқа вазодилататорлармен бір мезгілде тағайындағанда, АҚ қосымша төмендеуі мүмкін.
	Аллопуринол, цитостатикалық және иммуносупрессивті дәрілер, кортикостероидтар (жүйелі қолданғанда) және прокаинамид	АӨФ тежегіштерімен бір мезгілде қолдану лейкопения қаупінің жоғарылауымен қатар жүруі мүмкін.
	Жалпы анестезияға арналған дәрілер	АӨФ тежегіштері жалпы анестезияға арналған кейбір дәрілердің гипертензияға қарсы әсерінің жоғарылауына әкелуі мүмкін
	Диуретиктер (тиазидті және «ілмек»)	Диуретиктерді жоғары дозада қолдану гиповолемияға, ал терапияға периндоприлді қосу артериялық гипотензияға әкелуі мүмкін.
	Симпатомиметика	Симпатомиметиктер АӨФ тежегіштерінің гипертензияға қарсы әсерін әлсіретуі мүмкін.
	Алтын препараттары	АӨФ тежегіштерін, соның ішінде периндоприлді қолданғанда, вена ішіне алтын препаратын (натрий ауротиомалаты) қабылдайтын пациенттер бет терісінің гиперемиясын, жүрек айнуын, құсуды және артериялық

Әсер етуші зат	Өзара әрекеттесу анықталған дәрілік препарат	Өзара әрекеттесу механизмінің сипаттамасы
		гипотензияны қамтитын нитритоидты реакциялардың симптомдық кешенін сипаттады.
<i>Периндоприл/ Индапамид/ Амлодипин</i>	Имипрамин тәрізді (трициклді) антидепрессанттар, антипсихотиктер	Осы кластардағы препараттар гипертензияға қарсы әсерді күшейтеді және ортостатикалық гипотензия қаупін арттырады (аддитивті әсер).
	Басқа гипертензияға қарсы дәрілер	АҚ қосымша төмендеуіне әкелуі мүмкін гипертензияға қарсы әсер күшеюі мүмкін.
	Кортикостероидтар, тетракозактид	Гипертензияға қарсы әсердің төмендеуі (кортикостероидтардың әсерінен сұйықтық пен натрий иондарының кідіруі).

Басқа дәрілік өзара әрекеттесулер

Әсер етуші зат	Өзара әрекеттесу анықталған дәрілік препарат	Өзара әрекеттесу механизмінің сипаттамасы
<i>Амлодипин</i>	Силденафил	Амлодипин мен силденафилді бір мезгілде қолданғанда препараттардың әрқайсысының гипертензияға қарсы әсерінің жоғарылауы байқалмайды.
	Циклоспорин	Амлодипин циклоспориннің фармакокинетикалық параметрлеріне айтарлықтай әсер етпейді.
	Алюминий/ Құрамында магний бар антацидтер	Құрамында алюминий / магний бар антацидтерді бір рет қабылдау амлодипиннің фармакокинетикасына айтарлықтай әсер етпейді.

4.6 Фертильділік, жүктілік және лактация

Жүктілік кезінде Триплиksam препаратын қолдануға болмайды. Жүктілікті жоспарлау кезінде немесе Триплиksam қолданып жүрген кезде жүктілік басталғанда препаратты қабылдауды дереу тоқтатылуы және дәлелденген қауіпсіздік бейіні бар балама гипотензивті емдеу тағайындауы керек.

Бала емізу кезінде Триплиksam препаратын қолдану ұсынылмайды. Емдеудің ана үшін маңыздылығын бағалап, бала емізуді тоқтату немесе препаратты қабылдауды тоқтату туралы шешім қабылдау қажет.

Жүктілік

Амлодипин

Жүктілік кезінде амлодипинді қолдану қауіпсіздігі анықталмаған.

Жануарларға жүргізілген эксперименттік зерттеулерде препараттың фетоуытты және эмбриуытты әсері оны жоғары дозада қолданған кезде анықталады.

Индапамид

Қазіргі уақытта жүктілік кезінде индапамидті қолдану туралы мәліметтер жеткіліксіз (300-ден аз жағдай сипатталған). Тиазидті диуретиктерді жүктіліктің III триместрінде ұзақ уақыт қолдану ананың гиповолемиясын және жатыр-плацентарлы қан ағымының төмендеуін тудыруы мүмкін, бұл фетоплацентарлы ишемияға және ұрықтың дамуының кешеуілдеуіне әкеледі. Сирек жағдайларда, босанғанға дейін диуретиктерді қабылдау аясында жаңа туған нәрестелерде гипогликемия және тромбоцитопения дамыды.

Жануарларға жүргізілген зерттеулер репродуктивті уыттылыққа қатысты тікелей немесе жанама әсерлерді анықтаған жоқ.

Периндоприл

Жүктіліктің бірінші триместрінде АӨФ тежегіштерін қолдану ұсынылмайды (4.4 бөлімді қараңыз). АӨФ тежегіштерін қолдану жүктіліктің екінші және үшінші триместрінде қарсы көрсетімді (4.3 және 4.4 бөлімдерді қараңыз).

Қазіргі уақытта жүктіліктің бірінші триместрінде АӨФ тежегіштерін қабылдау кезінде тератогендік қауіп туралы бұлтартпас эпидемиологиялық деректер жоқ. Алайда шарананың даму бұзылыстарының пайда болу қаупінің шамалы өсуін жоққа шығаруға болмайды. Жүктілікті жоспарлау кезінде препаратты тоқтатып, жүктілік кезінде қолдануға рұқсат етілген басқа гипертензияға қарсы препараттарды тағайындау керек. Жүктілік анықталғанда АӨФ тежегіштерімен емдеуді дереу тоқтатып, қажет болған жағдайда басқа гипотензивті емдеуді тағайындау керек.

Жүктіліктің II және III триместрінде шаранаға АӨФ тежегіштерінің әсері оның дамуының бұзылуына (бүйрек функциясының төмендеуі, олигогидрамниоз, бас сүйек сүйектерінің оссификациясының баяулауы) және жаңа туған нәрестеде асқынулардың дамуына (бүйрек жеткіліксіздігі, артериялық гипотензия, гиперкалиемия) әкелуі мүмкін екені белгілі.

Егер әел пациент жүктіліктің II немесе III триместрінде АӨФ тежегіштерін қабылдаған болса, бас сүйегінің жағдайын және бүйрек функциясын бағалау үшін ультрадыбыстық зерттеуді жүргізу ұсынылады.

Жүктілік кезінде аналары АӨФ тежегіштерін қабылдаған жаңа туған нәрестелер гипотензияның даму қаупіне байланысты мұқият медициналық бақылауда болуы керек (4.3 және 4.4 бөлімдерді қараңыз).

Лактация

Триплиksam емшек сүтімен емізу кезінде кеңес етілмейді.

Амлодипин

Амлодипин адамның емшек сүтімен шығарылады. Анасы алған дозадан нәресте алған дозаның үлесі ең көбі 15% - бөн 3-7% аралықта анықталды. Амлодипиннің нәрестелерге ықпалы белгісіз.

Индапамид

Қазіргі уақытта индапамидтің немесе оның метаболиттерінің емшек сүтімен бөлінуі туралы сенімді ақпарат жоқ. Сульфаниламид туындыларына аса жоғары сезімталдық және гипокалиемия дамуы мүмкін; жаңа туған нәресте/бала үшін қауіпті жоққа шығаруға болмайды.

Индапамид қасиеттері бойынша тиазидті диуретиктерге жақын болғандықтан, оны қабылдау емшек сүтінің азаюына немесе лактацияның басылуына әкеледі.

Периндоприл

Бала емізу кезеңінде периндоприлді қолдануға қатысты ақпараттың болмауына байланысты периндоприлді қабылдау ұсынылмайды, емізу кезеңінде, әсіресе жаңа туған нәрестелер мен шала туылған нәрестелерді емізу кезінде қауіпсіздік бейіні жақсы зерттелген балама емді ұстанған жөн.

Фертильділік

Амлодипин

«Баяу» кальций өзектерінің блокаторларымен емделген кейбір пациенттерде сперматозоидтардың қозғалғыштығының қайтымды төмендеуі байқалды. Амлодипиннің ұрпақ өрбіту функциясына ықтимал әсеріне қатысты клиникалық дәлелдер жеткіліксіз. Егеуқұйрықтарға жүргізілген бір зерттеуде аталықтар фертильділігіне теріс әсер анықталды.

Периндоприл / Индапамид

Клиникаға дейінгі зерттеулер екі жыныстағы егеуқұйрықтарда репродуктивті функцияға әсер етпейтінін көрсетті. Болжам бойынша, адамның фертильділігіне әсері жоқ.

4.7 Көлік құралдарын және қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне ықпал етуі
Трипликсам препаратын қолдану аясында әлсіздіктің, бас айнарудың туындауына ықтималдығына байланысты көлік құралдарын басқару және психомоторлық реакциялардың жоғары концентрациясы мен жылдамдығын қажет ететін басқа техникалық құрылғылармен жұмыс істеу кезінде сақ болу керек

4.8 Жағымсыз реакциялар

Қауіпсіздік бейінінің түйіндемесі

Монотерапия ретінде периндоприлмен, индапамидпен және амлодипинмен емдеу кезінде хабарланған ең көп таралған жағымсыз реакциялар болды: гипокалиемия, бас айналу, бас ауыруы, парестезия, ұйқышылдық, дәм сезу қабілетінің бұзылуы, көру қабілетінің бұзылуы, диплопия, құлақтың шыңылдауы, вертиго, жүрек соғуы, бет терісіне қанның «тебуі», АҚ төмендеуі (және гипотензияға байланысты әсерлер), жөтел, ентігу, асқазан-ішек жолдарының бұзылуы (іштің ауыруы, іш кату, диарея, диспепсия, жүрек айну, құсу, нәжістің жиілігі мен сипатының өзгеруі), терінің қышуы, бөртпе, макулопапулездік бөртпе, бұлшықеттің түйілуі, тобық аймағындағы ісіну, астения, ісіну және шаршау.

Жағымсыз реакциялардың кестелік түйіндемесі

Клиникалық зерттеулер мен тіркеуден кейінгі қолдану тәжірибесіне сәйкес Трипликсам препаратының компоненттерімен емдеуге байланысты деп жіктелген жағымсыз реакциялар 1 кестеде ағзалар жүйесінің кластары және абсолютті пайда болу жиілігі бойынша келтірілген. Кездесу жиілігі келесідей анықталады: өте жиі ($\geq 1/10$), жиі ($\geq 1/100$ және $<1/10$), жиі емес ($\geq 1/1000$ және $<1/100$), сирек ($\geq 1/10\ 000$ және $<1/1000$), өте сирек ($<1/10\ 000$), жиілігі белгісіз (қолда бар деректерді бағалау мүмкін емес).

**Триплиksam препаратын қолдануға байланысты
жағымсыз реакциялардың жиынтық кестесі**

MedDRA Ағзалар кластары және жүйелері	Жағымсыз реакциялар	Жиілігі		
		Амлодипин	Индапамид	Периндоприл
Инфекциялық және паразиттік аурулар	Ринит	Жиі емес	-	Өте сирек
Қан және лимфа жүйесі тарапынан бұзылулар	Эозинофилия	-	-	Жиі емес*
	Агранулоцитоз (4.4 бөлімді қараңыз)	-	Өте сирек	Өте сирек
	Аплазиялық анемия	-	Өте сирек	-
	Панцитопения	-	-	Өте сирек
	Лейкопения (4.4 бөлімді қараңыз)	Өте сирек	Өте сирек	Өте сирек
	Нейтропения (4.4 бөлімді қараңыз)	-	-	Өте сирек
	Гемолиттік анемия	-	Өте сирек	Өте сирек
	Тромбоцитопения (4.4 бөлімді қараңыз)	Өте сирек	Өте сирек	Өте сирек
	Тромбоцитопениялық пурпура	Өте сирек	-	-
Иммундық жүйе тарапынан бұзылулар	Жоғары сезімталдық реакциялары	Өте сирек	Жиі емес	-
Эндокриндік жүйе тарапынан бұзылулар	Диурезге қарсы гормонның талапқа сай емес секреция синдромы (ДГГТС)	-	-	Сирек
Зат алмасу және тамақтану тарапынан бұзылулар	Гипокалиемиа (4.4 бөлімді қараңыз)	-	Жиі	-
	Гипогликемия (4.4 және 4.5 бөлімдерді қараңыз)	-	-	Жиі емес*
	Препаратты тоқтатқаннан кейін қайтымды гиперкалиемиа (4.4 бөлімді қараңыз)	-	-	Жиі емес*
	Гипонатриемия (4.4 бөлімді қараңыз)	-	Жиі емес	Жиі емес*
	Гипохлоремия	-	Сирек	-
	Гипомагниемия	-	Сирек	-

MedDRA Ағзалар кластары және жүйелері	Жағымсыз реакциялар	Жиілігі		
		Амлодипин	Индапамид	Периндоприл
	Гипергликемия	Өте сирек	-	-
	Гиперкальциемия	-	Өте сирек	-
	Анорексия	Жиі емес	-	-
	Тәбеттің жоғарылауы	Сирек	-	-
Психикалық бұзылыстар	Ұйқысыздық	Жиі емес	-	-
	Көңіл-күйдің тұрақсыздығы (үрейді қоса)	Жиі емес	-	Жиі емес
	Депрессия	Жиі емес	-	Жиі емес*
	Ұйқының бұзылуы	-	-	Жиі емес
	Сананың шатасуы	Сирек	-	Өте сирек
	Әдеттегіден тыс түс көрулер	Жиі емес	-	-
	Қозғыштықтың жоғарылауы	Жиі емес	-	-
Жүйке жүйесі тарапынан бұзылулар	Бас айналу	Жиі	-	Жиі
	Бас ауыруы	Жиі	Сирек	Жиі
	Парестезия	Жиі емес	Сирек	Жиі
	Ұйқышылдық	Жиі	-	Жиі емес*
	Гипестезия	Жиі емес	-	-
	Дисгевзия (дәм сезу қабілетінің бұрмалануы)	Жиі емес	-	Жиі
	Паросмия (иіс сезу қабілетінің бұзылуы)	Өте сирек	-	-
	Тремор	Жиі емес	-	-
	Естен тану	Жиі емес*	Жиілігі белгісіз	Жиі емес
	Гипертонус	Өте сирек	-	-
	Шеткері нейропатия	Өте сирек	-	-
	Қауіп жоғары топтағы пациенттерде АҚ шамадан тыс төмендеуіне байланысты болуы мүмкін инсульт (4.4 бөлімді қараңыз)	-	-	Өте сирек
	Бас сақинасы	Өте сирек	-	-
	Апатия	Өте сирек	-	-

MedDRA Ағзалар кластары және жүйелері	Жағымсыз реакциялар	Жиілігі		
		Амлодипин	Индапамид	Периндоприл
	Ажитация	Өте сирек	-	-
	Атаксия	Өте сирек	-	-
	Амнезия	Өте сирек	-	-
	Экстрапирамидтік бұзылулар	Жиілігі белгісіз	-	-
	Бауыр жеткіліксіздігі жағдайында бауыр энцефалопатиясының дамуы мүмкін (4.3 және 4.4 бөлімдерді қараңыз)	-	Жиілігі белгісіз	-
Көру мүшесі тарапынан бұзылулар	Көру қабілетінің бұзылуы	Жиі	Жиілігі белгісіз	Жиі
	Диплопия	Жиі	-	-
	Миопия	-	Жиілігі белгісіз	-
	Анық көрмеу	-	Жиілігі белгісіз	-
	Жедел жабық бұрышты глаукома	-	Жиілігі белгісіз	-
	Хориоидалды жалқық (4.4 бөлімді қараңыз)	-	Жиілігі белгісіз	-
	Аккомодацияның бұзылуы	Жиі емес	-	-
	Ксерофтальмия	Жиі емес	-	-
	Конъюнктивит	Жиі емес	-	-
	Көздің ауыруы	Жиі емес	-	-
Есту мүшесі және тепе-теңдік тарапынан бұзылулар	Құлақтың шыңылдауы	Жиі емес	-	Жиі
	Вертиго	-	Сирек	Жиі
Жүрек тарапынан бұзылулар	Жүрек соғу сезімі	Жиі	-	Жиі емес*
	Тахикардия	-	-	Жиі емес*
	Стенокардия (4.4 бөлімді қараңыз)	-	-	Өте сирек
	Жүрек ырғағының бұзылуы (оның ішінде	Жиі емес	Өте сирек	Өте сирек

MedDRA Ағзалар кластары және жүйелері	Жағымсыз реакциялар	Жиілігі		
		Амлодипин	Индапамид	Периндоприл
	брадикардия, қарыншалық тахикардия және жүрекше фибрилляциясы)			
	Жоғары қауіпті топтағы пациенттерде АҚшамадан тыс төмендеуіне байланысты болуы мүмкін миокард инфарктісі (4.4 бөлімді қараңыз)	Өте сирек	-	Өте сирек
	«Пируэт» типті полиморфты қарыншалық тахикардия (өлімге әкелуі мүмкін) (4.4 және 4.5 бөлімдерді қараңыз)	-	Жиілігі белгісіз	-
	Созылмалы жүрек жеткіліксіздігінің дамуы немесе күшеюі;	Өте сирек	-	-
Қантамырлар тарапынан бұзылулар	Бет терісіне қанның «тебуі» ;	Жиі	-	Сирек*
	Артериялық гипертензия (АҚ шамадан тыс төмендеуі) және онымен байланысты симптомдар (4.4 бөлімді қараңыз)	Жиі емес	Өте сирек	Жиі
	Васкулит	Өте сирек	-	Жиі емес*
	Ортостатикалық гипотензия	Өте сирек	-	-
	Рейно Синдромы	-	-	Жиілігі белгісіз
Тыныс алу жүйесі, кеуде қуысы және көкірек ортасы тарапынан бұзылулар	Жөтел (4.4 бөлімді қараңыз)	Жиі емес	-	Жиі
	Ентігу	Жиі	-	Жиі
	Бронхтың түйілуі	-	-	Жиі емес
	Эозинофильді пневмония	-	-	Өте сирек
	Мұрыннан қан кету	Жиі емес	-	-
Асқазан-ішек жолы тарапынан бұзылулар	Іштің ауыруы	Жиі	-	Жиі
	Іш қату	Жиі	Сирек	Жиі
	Диарея	Жиі	-	Жиі

MedDRA Ағзалар кластары және жүйелері	Жағымсыз реакциялар	Жиілігі		
		Амлодипин	Индапамид	Периндоприл
	Диспепсия	Жиі	-	Жиі
	Жүрек айнуы	Жиі	Сирек	Жиі
	Құсу	Жиі емес	Жиі емес	Жиі
	Ауыз қуысының шырышты қабығының құрғауы	Жиі емес	Сирек	Жиі емес
	Нәжістің жиілігі мен сипатының өзгеруі	Жиі	-	-
	Қызылиек гиперплазиясы	Өте сирек	-	-
	Панкреатит	Өте сирек	Өте сирек	Өте сирек
	Гастрит	Өте сирек	-	-
	Метеоризм	Жиі емес	-	-
	Ішектің ангионевроздық ісінуі	-	-	Өте сирек
Бауыр және өт шығару жолдары тарапынан бұзылулар	Гепатит (4.4 бөлімді қараңыз)	Өте сирек	Жиілігі белгісіз	Өте сирек
	Холестаздық сарғаю	Өте сирек	-	Өте сирек
	Бауыр функциясының бұзылуы	-	Өте сирек	-
Тері және теріасты тіндері тарапынан бұзылулар	Терінің қышуы	Жиі емес	-	Жиі
	Тері бөртпесі	Жиі емес	-	Жиі
	Макулопапулездік бөртпе	-	Жиі	-
	Есекжем (4.4 бөлімді қараңыз)	Жиі емес	Өте сирек	Жиі емес
	Ангиневроздық ісіну (4.4 бөлімді қараңыз), Квинке ісінуі	Өте сирек	Өте сирек	Жиі емес
	Алопеция	Жиі емес	-	-
	Пурпура	Жиі емес	Жиі емес	-
	Тері түсінің өзгеруі	Жиі емес	-	-
	Дерматит	Сирек	-	-
	Экзантема	Жиі емес	-	-
	Қатты терлеу	Жиі емес	-	Жиі емес
	Фотосезімталдық реакциясы	Өте сирек	Жиілігі белгісіз (см.	Жиі емес*

MedDRA Ағзалар кластары және жүйелері	Жағымсыз реакциялар	Жиілігі		
		Амлодипин	Индапамид	Периндоприл
			раздел «Особые указания»)	
	Псориаздың өршуі	-	-	Сирек
	Пемфигоид	-	-	Жиі емес*
	Көп формалы эритема	Өте сирек	-	Өте сирек
	Стивенс-Джонсон Синдромы	Өте сирек	Өте сирек	-
	Қабыршақтайтын дерматит	Өте сирек	-	-
	Уытты эпидермалды некролиз	Жиілігі белгісіз	Өте сирек	-
	Ксеродермия	Өте сирек	-	-
	Суық тер	Өте сирек	-	-
Қаңқа- бұлшықет және дәнекер тін тарапынан бұзылулар	Бұлшықеттің түйілуі	Жиі	Жиілігі белгісіз	Жиі
	Артроз	Жиі емес	-	-
	Миастения	Сирек	-	-
	Артралгия	Жиі емес	-	Жиі емес*
	Бұлшықет әлсіздігі	-	Жиілігі белгісіз	-
	Миалгия	Жиі емес	Жиілігі белгісіз	Жиі емес*
	Рабдомиолиз	-	Жиілігі белгісіз	-
	Арқаның ауыруы	Жиі емес	-	-
	Бар жүйелі қызыл жегі өршуі мүмкін	-	Жиілігі белгісіз	-
Бүйрек және несеп шығару жолдары тарапынан бұзылулар	Несеп шығарудың бұзылуы	Жиі емес	-	-
	Никтурия	Жиі емес	-	-
	Поллакиурия (несеп шығарудың жоғарылауы)	Жиі емес	-	-

MedDRA Ағзалар кластары және жүйелері	Жағымсыз реакциялар	Жиілігі		
		Амлодипин	Индапамид	Периндоприл
	Анурия/олигурия	-	-	Сирек*
	Жедел бүйрек жеткіліксіздігі	-	-	Сирек
	Ауыр несеп шығару	Жиі емес	-	-
	Бүйрек жеткіліксіздігі	-	Өте сирек	Жиі емес
Жыныс ағзалары және сүт бездері тарапынан бұзылулар	Эректильді дисфункция	Жиі емес	Жиі емес	Жиі емес
	Гинекомастия	Жиі емес	-	-
Жалпы бұзылыстар және енгізген жердегі бұзылулар	Астения	Жиі	-	Жиі
	Шаршаудың жоғарылауы	Жиі	Сирек	-
	Шеткері ісіну (тобық пен аяқ)	Жиі	-	Жиі емес
	Ісіну	Очень жиі	-	-
	Ауырсыну	Жиі емес	-	-
	Кеуде қуысының ауыруы	Жиі емес	-	Жиі емес*
	Дімкәстік	Жиі емес	-	Жиі емес*
	Қалтырау	Жиі емес	-	-
	Шөлдеу	Жиі емес	-	-
	Қызба	-	-	Жиі емес*
Зертханалық және аспаптық деректер	Қандағы мочевина концентрациясының жоғарылауы	-	-	Жиі емес*
	Қандағы креатинин концентрациясының жоғарылауы	-	-	Жиі емес*
	Бауыр трансаминазаларының белсенділігін арттыру	Өте сирек	Жиілігі белгісіз	Сирек
	Гипербилирубинемия	-	-	Сирек
	Гемоглобин мен гематокриттің төмендеуі (4.4 бөлімді қараңыз)	-	-	Өте сирек
	QT аралығын ЭКГ-ға ұзарту (4.4 және 4.5 бөлімдерді қараңыз)	-	Жиілігі белгісіз	-
	Қандағы несеп қышқылы	-	Жиілігі	-

MedDRA Ағзалар кластары және жүйелері	Жағымсыз реакциялар	Жиілігі		
		Амлодипин	Индапамид	Периндоприл
	концентрациясының жоғарылауы		белгісіз	
	Дене салмағының жоғарылауы	Жиі емес	-	-
	Қандағы глюкозаның жоғарылауы (4.4 бөлімді қараңыз)	-	Жиілігі белгісіз	-
	Дене салмағының төмендеуі	Жиі емес	-	-
Жарақаттар, улану, араласудан кейінгі бұзылулар	Құлау	-	-	Жиі емес*

* Өздігінен болатын хабарламалар бойынша анықталған жағымсыз реакциялардың жиілігін бағалау клиникалық зерттеулер нәтижелерінің деректері негізінде жүргізілді.

Күмәнді жағымсыз реакциялар туралы хабарлама

Дәрілік препараттың «пайда – қауіп» арақатынасының үздіксіз мониторингін қамтамасыз ету мақсатында дәрілік препаратты тіркегеннен кейін күдікті жағымсыз реакциялар туралы хабарлау маңызды. Медицина қызметкерлеріне Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің жағымсыз реакциялар туралы хабарлаудың ұлттық жүйелері арқылы дәрілік препараттың кез келген күдікті жағымсыз реакциялары туралы хабарлау ұсынылады.

Ресей Федерациясы

Федералды денсаулық сақтау саласындағы қадағалау жөніндегі қызметі (Росздравнадзор)

Мекенжайы: 109012, Мәскеу, Славян алаңы, 4 үй, 1 кұр

Тел: +7 800 550 99 03, +7 (499) 578-02-20

Эл. пошта: pharm@roszdravnadzor.gov.ru

<http://roszdravnadzor.gov.ru>

Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

010000, Астана қ., Байқоңыр ауданы, А. Иманов көш («Нұрсәулет 2» БО)

Тел.: +7 (7172) 78 99 11

Электрондық пошта: farm@dari.kz

<http://www.ndda.kz>

Қырғыз Республикасы

Қырғыз Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы Дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдар департаменті

720044, Бішкек қ., 3-ші Линия к-сі, 25

Тел.: +996 (312) 21-92-78

Эл.пошта: dlomt@pharm.kg

<http://pharm.kg>

Армения Республикасы

«Академик Э. Габриелян атындағы дәрілерді сараптау және медициналық технологиялар ғылыми орталығы» ЖТАҚ
0051, Ереван, Комитас д-лы 49/4
Тел.: (+374 60) 83-00-73, (+374 10) 23-08-96, (+374 10) 23-16-82
Дәрілер қауіпсіздігін бақылау бөлімінің жедел желісі: (+374 10) 20-05-05, (+374 96) 22-05-05
Эл.пошта: admin@pharm.am, vigilance@pharm.am
<http://pharm.am>

Беларусь Республикасы

«Денсаулық сақтау саласындағы сараптамалар және сынақтар орталығы» УК
+375-17-299-55-14
220037, Минск қ., Товарищеский түйық көшесі 2а
Тел.: +375 -17-299-55-14
Факс: +375-17-299-53-58
Фармакологиялық қадағалау бөлімінің телефоны: +375 (17) 242 00 29
Эл.пошта: rcpl@rceth.by, rceth@rceth.by
<http://www.rceth.by>

Медициналық және фармацевтикалық қызметкерлер сондай-ақ 7.1 бөлімде көрсетілген контактілер бойынша тіркеу куәлігін ұстаушыға немесе тіркеу куәлігін ұстаушының өкіліне жағымсыз реакциялар туралы хабарлай алады.

4.9 Артық дозалануы

Трипликсам® препаратының артық дозалануы туралы ақпарат жоқ.

Амлодипин

Амлодипиннің артық дозалануы туралы ақпарат шектеулі.

Симптомдар

Рефлекторлы тахикардияның ықтимал дамуымен шамадан тыс шеткері вазодилатацияның дамуы туралы деректер бар. Ауыр және тұрақты артериялық гипотензияның даму қаупі, оның ішінде шок пен өлімнің дамуы туралы хабарланды.

Амлодипинмен артық дозалану нәтижесінде кідірумен пайда болуы мүмкін (препаратты қабылдағаннан кейін 24-48 сағаттан кейін) және механикалық желдетуді қажет ететін кардиогенді емес өкпе ісінуінің сирек жағдайлары туралы хабарланды. Перфузия мен жүрек лықсуын демеуге арналған ерте реанимациялық шаралар (гиперволемияны қоса) күрделендіретін факторлар болуы мүмкін.

Медициналық көмек көрсету әдістері

Амлодипиннің артық дозалануынан туындайтын клиникалық маңызды гипотензия кезінде аяқ-қолдарды жоғары күйде қоюды, АҚК және диурезді бақылауды, жүрек және тыныс алу қызметін мониторингілеуді қоса алғанда, жүрек-қантамыр жүйесінің функциясын демеуге бағытталған ісшараларды жүргізу қажет.

Қолдануға қарсы көрсетілімдер болмаған жағдайда қан тамырларының тонусы мен артериялық қысымды қалыпқа келтіру үшін тамыр кеңейтетін препараттарды қолдануға болады. Кальций өзекшелерінің блокадасының салдарын жою үшін кальций глюконатын вена ішіне енгізуге болады.

Кейбір жағдайларда асқазанды шаю тиімді болуы мүмкін. Дені дені сау еріктілерде 10 мг амлодипин қабылдағаннан кейін 2 сағат ішінде белсендірілген көмірді қолдану амлодипиннің сіңу жылдамдығын төмендететіні көрсетілген.

Амлодипин ақуыздармен байланысатын болғандықтан, гемодиализ тиімсіз.

Периндоприл / индапамид біріктірілімдері

Симптомдар

Периндоприлді / индапамидті біріктірілімі үшін артық дозаланудың ең ықтимал симптомы кейде жүрек айнуы, құсу, құрысулар, бас айналу, ұйқышылдық, сананың шатасуы және анурияға айналуы мүмкін олигуриямен (гиповолемия нәтижесінде). бірге болуы мүмкін артериялық гипотензия болады. Электролиттік бұзылулар да (гипонатриемия, гипокалиемия) пайда болуы мүмкін.

Медициналық көмек көрсету әдістері

Шұғыл жәрдем шаралары препаратты организмнен шығаруға дейін азаяды: асқазанды шаю және/немесе белсендірілген көмірді қабылдау, содан кейін стационар жағдайында су-электролит теңгерімін қалпына келтіру.

АҚ едәуір төмендеуі кезінде пациенттің аяғын көтеріп, арқасында «жату» күйіне ауыстыру керек, қажет болған жағдайда гиповолемияны түзету изотониялық тұзды ерітіндіні вена ішіне инфузиялау немесе сұйықтық көлемін толықтырудың кез келген басқа әдісі арқылы жүзеге асырылуы мүмкін (мысалы, 0,9% натрий хлориді ерітіндісін вена ішіне инфузиялау).

Периндоприлдің белсенді метаболиті болып табылатын периндоприлатты организмнен диализ арқылы шығаруға болады (5.2 бөлімді қараңыз).

5. ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

5.1 Фармакодинамикалық қасиеттері

Фармакотерапиялық тобы: ренин-ангиотензин жүйесіне әсер ететін дәрілер; ангиотензинөзгертуші фермент (АӨФ) тежегіштері, біріктірілімдер; АӨФ тежегіштері, басқа біріктірілімдер.

АТХ коды: C09BX01

Трипликсам- әрқайсысы артериялық гипертензиясы бар пациенттерде артериялық қысымды бақылау үшін басқалардың әсерін толықтыратын гипертензияға қарсы үш компонентті қамтитын біріктірілген препарат. Амлодипин – «баяу» кальций өзектерінің блокаторы (БКӨБ), дигидропиридин туындысы, индапамид – сульфонамидті диуретик, периндоприл-ангиотензин І-ді ангиотензин ІІ-ге өзгертетін ферменттің тежегіші (АӨФ тежегіші).

Трипликсам препаратының фармакологиялық қасиеттері әсер етуші заттың әрқайсысының қасиеттерін біріктіреді. Бұдан басқа, амлодипин, индапамид және периндоприл біріктірілімі компоненттердің әрқайсысының гипертензияға қарсы әсерін күшейтеді.

Әсер ету механизмі

Амлодипин

Амлодипин - БКӨБ, дигидропиридин туындысы. Амлодипин кальций иондарының кардиомиоциттерге және тамыр қабырғасының тегіс бұлшықет жасушаларына трансжарғақшалық ауысуын тежейді.

Индапамид

Индапамид индол сақинасы бар сульфонамид туындыларына жатады және фармакологиялық қасиеттері бойынша нефрон ілмегінің кортикалды сегментінде натрий иондарының реабсорбциясын тежейтін тиазидті диуретиктерге жақын. Бұл ретте диурездің

жоғарылауымен және гипертензияға қарсы әсермен бірге жүретін бүйректің натрий, хлор иондарын және аз мөлшерде калий мен магний иондарын шығаруы артады.

Периндоприл

Периндоприл-ангиотензин I-ді ангиотензин II-ге өзгертетін ферменттің тежегіші (ангиотензинөзгертуші фермент тежегіші (АӨФ)). АӨФ немесе кининаза II-ангиотензин I-дің тамыр кеңейтетін зат ангиотензин II-ге айналуын жүзеге асыратын экзопептидаза. Бұдан басқа, фермент бүйрек үсті безінің қыртысының альдостерон өндірісін және тамыр кеңейтетін әсері бар брадикининнің белсенді емес гептапептидке дейін ыдырауын көтермелейді.

Нәтижесінде периндоприл:

- альдостерон секрециясын төмендетеді;
- теріс кері байланыс принципі бойынша қан плазмасындағы рениннің белсенділігін арттырады;

- ұзақ уақыт қолданғанда жалпы шеткері тамыр кедергісін (ЖШТК) азайтады, бұл негізінен бұлшықеттер мен бүйректердегі тамырларға әсер етеді. Бұл әсерлер натрий немесе сұйықтық иондарының кідіруімен немесе ұзақ уақыт қолданғанда рефлекторлы тахикардияның дамуымен қатар жүрмейді.

Периндоприл қан плазмасындағы ренин белсенділігі төмен және қалыпты пациенттерде гипертензияға қарсы әсер етеді.

Периндоприл белсенді метаболит периндоприлаттың арқасында емдік әсер етеді. Басқа метаболиттердің фармакологиялық белсенділігі жоқ.

Периндоприл келесілер арқасында жүктеме алдындағы мен жүктемеден кейінгі жүктемені азайта отырып, жүректің жұмысын қалыпқа келтіреді,:

- простагландиндер жүйесінің белсендірілуіне байланысты болуы мүмкін венаға тамыр кеңейтетін әсер;

- жалпы шеткері тамырлар кедергісін (ЖШТК) төмендету.

Созылмалы жүрек жеткіліксіздігі бар (СЖЖ) пациенттерде гемодинамика көрсеткіштерін зерттеу кезінде:

- жүректің сол және оң қарыншаларында толтыру қысымының төмендеуі;

- ЖШТК төмендеуі;

- жүрек лықсуының жоғарылауы және жүрек индексінің көбеюі;

- бұлшықет шеткері қан ағымының күшеюі.

Сондай-ақ, жаттығу жүктемелеріне төзімділік артты.

Фармакодинамикалық әсерлер

Амлодипин

Амлодипиннің гипертензияға қарсы әсері тамыр қабырғасының тегіс бұлшықет жасушаларына тікелей әсер етеді. Амлодипиннің антиангиналды әсері жүзеге асыратын жете механизмі толық анықталмаған, бірақ амлодипин екі әсері жалпы ишемиялық жүктемені төмендететіні белгілі:

- тамырлардың жалпы шеткері кедергісін төмендете отырып (жүктемеден кейін), шеткері артериялардың кеңеюін тудырады. Бұл жүрек жүктемесінің төмендеуі энергия шығынын және миокардтың оттегіге деген қажеттілігін азайтады;

- ишемиялық және интактілік аймақтарда коронарлық артериялар мен артериолдардың кеңеюін тудырады. Бұл ретте коронарлық артериялардың түйілулері (Принцметал стенокардиясы) бар пациенттерде коронарлық қан ағымы және миокардтың оттегімен қамтамасыз етілуі жақсарады.

Артериялық гипертензиясы (АГ) бар пациенттерде амлодипинді тәулігіне 1 рет қабылдау 24 сағат бойы «тұру» және «жату» күйіндегі артериялық қысымның клиникалық маңызды төмендеуін қамтамасыз етеді. Гипертензияға қарсы әсер баяу дамиды, осыған байланысты жедел артериялық гипотензияның дамуы тән емес.

Амлодипиннің жағымсыз метаболиздік әсері жоқ және липидтер алмасуының көрсеткіштеріне әсер етпейді, қан плазмасының гиполипидемиялық көрсеткіштерінің өзгеруіне әкелмейді және оны қатар жүретін бронх демікпесі, қант диабеті және подаграсы бар пациенттерде қолдануға болады.

Индапамид

Индапамидті монотерапия режимінде қолданған кезде 24 сағаттық гипертензияға қарсы әсер көрсетілді. Гипертензияға қарсы әсер препаратты ең аз диурездік әсері бар дозаларда қолданғанда көрінеді.

Индапамидтің гипертензияға қарсы белсенділігі ірі артериялардың серпімділік қасиеттерінің жақсаруымен, артериолярлық және жалпы шеткері тамырларға кедергінің төмендеуімен байланысты.

Индапамид сол жақ қарыншаның гипертрофиясын төмендетеді.

Тиазидті және тиазид тәрізді диуретиктер белгілі бір дозада емдік әсердің платосына жетсе, жағымсыз әсерлердің жиілігі препараттың дозасын одан әрі арттырған сайын арта береді. Сондықтан, егер ұсынылған дозаны қабылдаған кезде емдік әсерге қол жеткізілмесе, препараттың дозасын көбейтуге болмайды.

Артериялық гипертензиясы бар пациенттерді қамтитын қысқа, орташа және ұзақ мерзімді зерттеулерде индапамидтің келесідегідей болатыны көрсетілген:

- липидтер алмасуының көрсеткіштеріне, соның ішінде триглицеридтер, холестерин, төмен тығыздықтағы липопротеидтер және жоғары тығыздықтағы липопротеидтер деңгейіне әсер етпейді;

- көмірсулар алмасуының көрсеткіштеріне, оның ішінде қант диабеті бар пациенттерде әсер етпейді.

Периндоприл

Периндоприл кез келген ауырлық дәрежедегі артериялық гипертензияны емдеуде тиімді. Оны қолдану аясында «жату» және «тұру» күйінде систолалық және диастолалық артериялық қысымның (АҚ) төмендеуі байқалады.

Препараттың гипертензияға қарсы әсері бір рет қабылдағаннан кейін көп дегенде 4-6 сағаттан кейін жетеді және 24 сағат бойы сақталады.

Ішке қабылдағаннан кейін 24 сағаттан кейін АӨФ айқын (шамамен 80 %) қалдық тежелуі байқалады.

Емдеуге оң жауап берген пациенттерде АҚ қалыпқа келтіру бір ай ішінде пайда болады және тахикардия дамымай сақталады.

Емдеуді тоқтату «рикошет» әсерінің дамуымен қатар жүрмейді.

Периндоприл тамыр кеңейтетін әсерге ие, ірі артериялардың серпімділігін және кіші артериялардың тамыр қабырғасының құрылымын қалпына келтіруге көмектеседі, сонымен қатар сол жақ қарыншаның гипертрофиясын азайтады.

Тиазидті диуретиктерді бір мезгілде тағайындау гипертензияға қарсы әсердің ауырлығын арттырады.

Сонымен қатар, АӨФ тежегіштерімен тиазидті диуретиктің біріктірілімі диуретиктерді қабылдау аясында гипокалиемияның даму қаупінің төмендеуіне әкеледі.

Периндоприл / Индапамид

Артериялық гипертензиясы бар пациенттерде, жасына қарамастан, периндоприлді индапамидті біріктіру «тұрған» және «жатқан» күйдегі диастолалық және систолалық АҚ дозаға тәуелді гипертензияға қарсы әсер етеді. Клиникалық зерттеулер жекелеген компоненттермен монотерапиямен салыстырғанда периндоприлмен және индапамидпен біріктірілген емдеу аясында неғұрлым айқын гипертензияға қарсы әсерді көрсетті.

Клиникалық тиімділік және қауіпсіздік

Триплиksam препаратының ауру мен өлім көрсеткіштеріне әсері зерттелмеген.

Амлодипин

Амлодипинді тәулігіне 2,5–10 мг дозада, «бірінші қатардағы» препарат ретінде тәулігіне 10-40 мг дозада АӨФ лизиноприл тежегішін және тәулігіне 12,5–25 мг дозада хлорталидон тиазидті диуретикті қолданудың тиімділігі мен қауіпсіздігі ALLHAT-тың 5 жылдық зерттеуінде (55 жастан асатын 33357 пациенттің қатысуымен) жеңіл немесе орташа дәрежедегі АГ бар және коронарлық асқынулардың қосымша қауіп факторларының кем дегенде біреуі бар пациенттерде зерттелді мысалы: миокард инфарктісі немесе инсульт, зерттеуге енгізілгенге дейін 6 айдан астам уақыт бұрын, немесе атеросклероздық генездің басқа расталған жүрек-қан тамырлары ауруы; 2 типті қант диабеті; жоғары тығыздықтағы липопротеин холестеринінің (ХС -ЖТЛП) концентрациясы 35 мг / дл-ден аз; электрокардиография немесе эхокардиография деректері бойынша сол жақ қарыншаның гипертрофиясы; темекі шегу.

Тиімділікті бағалаудың негізгі критерийі-ЖИА-нан болатын өлім жиілігінің және өлімге әкелмейтін миокард инфарктісінің жиілігінің біріктірілген көрсеткіші. Негізгі бағалау критерийі бойынша амлодипин мен хлорталидон топтары арасында айтарлықтай айырмашылықтар анықталған жоқ. Амлодипин тобындағы жүрек жеткіліксіздігінің даму жиілігі хлорталидон тобына қарағанда айтарлықтай жоғары болды-10,2% және 7,7 %, алайда амлодипин мен хлорталидон тобындағы өлімнің жалпы жиілігі айтарлықтай ерекшеленбеді.

Периндоприл / Индапамид

Артериялық гипертензиясы және сол жақ қарыншалық гипертрофиясы бар пациенттерге жүргізілген зерттеуде (сол жақ қарыншаның массалық индексі еркектерде >120 г/м² және әйелдерде >100 г/м²) 0,625 мг индапамидпен біріктірілген 2 мг периндоприлді тертбутиламинмен емдеудің тиімділігі (2,5 мг периндоприлді аргининге сәйкес келеді) 10 мг эналаприл монотерапиясымен салыстырғанда 1 жыл бойы күніне бір рет қабылдаған кезде эхокардиография әдісімен бағаланды. Қажет болған жағдайда артериялық қысымның көрсеткіштерін талапқа сай бақылауын бақылауын демеу үшін периндоприл тертбутиламин дозаларын 8 мг-ға дейін (бұл 10 мг периндоприл аргининіне сәйкес келеді) және индапамидті күніне бір рет 2,5 мг-ға дейін немесе эналаприлді күніне бір рет 40 мг-ға дейін титрлеу жүргізілді. Периндоприлді / индапамидті қабылдаған пациенттер тобында эналаприл қабылдаған топтағы 20% - бен салыстырғанда пациенттердің 34% - у дозаны жоғарылату қажет болмады.

Емдеу аяқталғаннан кейін сол жақ қарыншаның массалық индексінің мәні Эналаприл тобымен (-1,1 г/м²) салыстырғанда периндоприл/индапамид тобында (-10,1 г/м²) едәуір төмендеді.

Сол жақ қарыншаның массалық индексінің мәндеріне қатысты ең жақсы әсер периндоприл мен индапамид біріктірілімінің жоғары дозаларын қолдану арқылы қол жеткізілді.

Артериялық қысымның төмендеуіне қатысты топтар арасындағы айырмашылық систолалық қысым және 2,3 мм сын.бағ. үшін диастолалық қысым үшін сәйкесінше-периндоприл/индапамид тобының пайдасына 5,8 мм сын.бағ. болды.

2 типті қант диабеті бар пациенттердің қатысуымен жүргізілген зерттеу плацебомен салыстырғанда периндоприлді/индапамид біріктірілімін қабылдаған пациенттерде макротамырлық (кардиоваскулярлық себептерге байланысты өлім, өлімге әкелмейтін миокард инфарктісі, өлімге әкелмейтін инсульт) және микротамырлық асқынулардың (нефропатия мен көз ауруларының пайда болуы немесе нашарлауы) пайда болу жиілігіне артериялық қысымның төмендеуінің әсерін зерттеді. Стандартты емдеумен салыстырғанда, сондай-ақ модификацияланған босату гликлазидін қабылдағандар, қалыпты мәндер шегінде қандағы глюкоза деңгейін ұстап тұруға бағытталған.

4,3 жылдық емдеуден кейін периндоприл/индапамид біріктірілімін қабылдаған топта макро және микротамырлық асқынулардың салыстырмалы қаупі 9% - ға төмендеді. Артықшылыққа өлудің салыстырмалы қаупін 14% - ға, кардиоваскулярлық себептерге байланысты өлімді 18% - ға және плацебомен салыстырғанда периндоприл/индапамид біріктірілімін алатын пациенттер тобында бүйрек асқынуларының дамуын 21% - ға айтарлықтай төмендету есесінен қол жеткізілді. Артериялық гипертензиясы бар пациенттердің қосалқы тобы плацебомен салыстырғанда периндоприлді/индапамидті біріктірілімді қабылдаған топтағы макро - және микротамырлық асқынулардың біріктірілген жиілігінің салыстырмалы қаупінің 9% - ға айтарлықтай төмендеуін көрсетеді.

Бұл топта плацебо қабылдайтын пациенттермен салыстырғанда периндоприлді/индапамид біріктірілімін қабылдаған пациенттерде өлудің (16% - ға), кардиоваскулярлық себептерге байланысты өлімнің (20% - ға) және бүйрек асқынуларының (20% - ға) даму қаупі айтарлықтай төмендеді.

Гипотензивті емдеудің артықшылықтары қарқынды гликемиялық бақылау аясында қол жеткізілген артықшылықтарға тәуелсіз болды.

Ренин-ангиотензин-альдостерон жүйесінің (РААЖ) қос блокадасы

Ангиотензин II (АРА II) рецепторларының антагонистері бар АӨФ тежегіштерін қолданумен біріктірілген емдеудің клиникалық зерттеулерінің деректері бар.

Анамнезінде кардиоваскулярлық немесе цереброваскулярлық ауруы немесе нысаналы-ағзаның расталған зақымдануымен қатар жүретін 2 типті қант диабеті бар пациенттердің қатысуымен клиникалық зерттеулер, сондай-ақ 2 типті қант диабеті және диабеттік нефропатиясы бар пациенттердің қатысуымен зерттеулер жүргізілді.

Зерттеу деректері монотерапиямен емделген пациенттермен салыстырғанда біріктірілген терапиямен емделген пациенттерде гиперкалиемия, жедел бүйрек жеткіліксіздігі және/немесе артериялық гипотензияның даму қаупі артқан кезде бүйрек және/немесе кардиоваскулярлық асқынулардың пайда болуына және өлім көрсеткіштеріне айтарлықтай оң әсерді анықтаған жоқ.

АӨФ және АРА II тежегіштерінің ұқсас топшілік фармакодинамикалық қасиеттерін ескере отырып, бұл нәтижелерді кез келген басқа препараттардың, АӨФ және АРА II тежегіштері кластарының өзара әрекеттесуі үшін күтуге болады.

Сондықтан диабеттік нефропатиясы бар пациенттерде АӨФ және АРА II тежегіштерін бір мезгілде қолдануға болмайды.

2 типті қант диабеті және созылмалы бүйрек ауруы немесе кардиоваскулярлық ауруы бар немесе осы аурулардың біріктірулері бар пациенттерде АӨФ немесе АРА II тежегішімен стандартты емдеуге алискиренді қосудың оң әсерін зерттеу бойынша клиникалық зерттеу деректері бар. Зерттеу жағымсыз нәтижелердің пайда болу қаупінің жоғарылауына байланысты мерзімінен бұрын тоқтатылды. Кардиоваскулярлық өлім мен инсульт плацебо тобымен салыстырғанда алискирен қабылдаған пациенттер тобында жиі кездеседі.

Кардиоваскулярлық өлім мен инсульт плацебо тобымен салыстырғанда алискирен қабылдаған пациенттер тобында жиі кездеседі. Сондай-ақ, жағымсыз құбылыстар мен ерекше қызығушылық тудыратын жағымсыз құбылыстар (гиперкалиемия, артериялық гипотензия және бүйрек функциясының бұзылуы) плацебо тобына қарағанда алискирен тобында жиі тіркелді.

5.2. Фармакокинетикалық қасиеттері

Трипликсам:

Периндоприл / индапамид және амлодипин біріктірілімін қолдану осы препараттарды бөлек қабылдаумен салыстырғанда олардың фармакокинетикалық сипаттамаларын өзгертпейді.

Амлодипин

Сіңуі

Ішке қабылдағаннан кейін амлодипин асқазан-ішек жолына жақсы сіңеді.

Қан плазмасындағы амлодипин ең жоғары концентрацияға препаратты ішке қабылдағаннан кейін 6-12 сағатта жетеді.

Таралуы

Абсолютті биожетімділігі шамамен 64-80%, таралу көлемі шамамен 21 л/кг. *in vitro* зерттеулерде айналымдағы амлодипиннің шамамен 97,5% қан плазмасы ақуыздарымен байланысты екендігі көрсетілген. Бір мезгілде тамақтану амлодипиннің биожетімділігіне әсер етпейді.

Метаболизм

Амлодипин белсенді емес метаболиттер түзей отырып, бауырда метаболизденеді. бүйрекпен амлодипиннің қабылданған дозасының 10% - ы өзгеріссіз және 60% - метаболиттер түрінде шығарады.

Шығарылуы

Амлодипиннің қан плазмасынан жартылай шығарылуының соңғы кезеңі ($T_{1/2}$) 35-50 сағ құрайды, бұл препаратты күніне 1 рет қабылдауға мүмкіндік береді.

Пациенттердің арнайы топтары

Егде жастағы пациенттерде амлодипин клиренсінің баяулауы байқалады, бұл «концентрация-уақыт» қисығы астындағы аймақтың (AUC) және $T_{1/2}$ ұлғаюына әкеледі. Созылмалы жүрек жеткіліксіздігі (СЖЖ) бар пациенттерде AUC және $T_{1/2}$ жоғарылауы белгілі бір жас тобы үшін болжамды мәнге сәйкес келеді.

Бауыр жеткіліксіздігі бар пациенттерде амлодипинді қолдану туралы деректер шектеулі. Бауыр жеткіліксіздігі бар пациенттерде $T_{1/2}$ және AUC шамамен 40-60% жоғарылауына әкелетін амлодипин клиренсінің төмендеуі байқалады.

Индапамид

Сіңуі

Индапамид асқазан-ішек жолында тез және толық сіңеді.

Индапамидтің қан плазмасындағы ең жоғары концентрациясы ішке қабылдағаннан кейін 1 сағаттан кейін байқалады.

Таралуы

Қан плазмасы ақуыздарымен байланыс - 79 %.

Метаболизм және шығарылуы

Жартылай шығарылу кезеңі 14-24 сағатты құрайды (орташа – 18 сағат). Препаратты қайта қабылдаған кезде оның жинақталуы байқалмайды.

Индапамид белсенді емес метаболиттер түрінде, негізінен бүйрек арқылы (енгізілген дозаның 70%) және ішек арқылы (22%) шығарылады.

Пациенттердің арнайы топтары

Бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде индапамидтің фармакокинетикасы өзгермейді.

Периндоприл

Сіңуі

Периндоприлді ішке қабылдаған кезде асқазан-ішек жолында тез сіңеді, қан плазмасындағы ең жоғары концентрацияға (C_{max}) 1 сағаттан кейін жетеді (периндоприлдің белсенді метаболиті-периндоприлат). Қан плазмасынан периндоприлдің жартылай шығарылуы

кезеңі ($T_{1/2}$) 1 сағатты құрайды. Тамақтану биожетімділікке әсер ете отырып, периндоприлдің периндоприлге айналуын баяулатады. Сондықтан препаратты күніне 1 рет, таңертең тамақтанар алдында қабылдау керек.

Таралуы

Бос периндоприлаттың таралу көлемі шамамен 0,2 л/кг құрайды. Периндоприлаттың қан плазмасы ақуыздарымен, негізінен АӨФ-мен байланысы шамамен 20% құрайды және дозаға тәуелді сиптақа ие.

Метаболизм

Периндоприл продәрі болып табылады. Периндоприлдің ішке қабылданған жалпы мөлшерінің шамамен 27% - ы белсенді периндоприлат метаболиті түрінде қанға түседі. Периндоприлаттан басқа фармакологиялық белсенділігі жоқ тағы 5 метаболит түзіледі. Қан плазмасындағы периндоприлат ең жоғары концентрацияға ішке қабылдағаннан кейін 3-4 сағаттан кейін жетеді.

Шығарылуы

Периндоприлат организмнен бүйрек арқылы шығарылады. Еркін фракцияның соңғы $T_{1/2}$ шамамен 17 сағатты құрайды, сондықтан тепе-теңдік күйіне 4 күн ішінде қол жеткізіледі.

Қан плазмасындағы периндоприл концентрациясының оның дозасына сызықтық тәуелділігі бар.

Пациенттердің арнайы топтары

- Егде жас

Периндоприлаттың шығарылуы қартайған жаста, сондай-ақ жүрек және бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде баяулайды.

- Бүйрек жеткіліксіздігі

Дозаны таңдау бүйрек жеткіліксіздігінің ауырлығын ескере отырып жүргізілуі керек (қан плазмасындағы креатинин клиренсі).

- Диализ

Периндоприлаттың диализ клиренсі 70 мл/мин құрайды.

- Бауыр циррозы

Бауыр циррозы бар пациенттерде периндоприлдің фармакокинетикасы бұзылған: оның бауыр клиренсі 2 есе азаяды. Дегенмен, дозаны түзетуді қажет етпейтін түзілетін периндоприлат мөлшері азаймайды. (4.2 және 4.4 бөлімдерді қараңыз).

5.3. Клиникаға дейінгі қауіпсіздік деректері

Периндоприл:

Созылмалы пероральді уыттылықты зерттеуде (егеуқұйрықтар мен маймылдар) нысаналы-ағза қайтымды зақымдануы бар бүйрек болып табылады.

Мутагендік *in vitro* немесе *in vivo* зерттеулерде байқалмады.

Репродуктивті уыттылықты зерттеу (егеуқұйрықтар, тышқандар, қояндар және маймылдар) эмбриоуыттылық немесе тератогенділік белгілерін анықтаған жоқ. Алайда, ангиотензинөзгертуші ферменттің тежегіштері класс ретінде ұрықтың өліміне және кеміргіштер мен қояндарда туа біткен салдарға әкеле отырып, ұрықтың кеш дамуына жағымсыз әсер ететінін көрсетті: бүйректің зақымдануы және пери - және постнатальды өлімнің жоғарылауы байқалды. Аталық, аналық егеуқұйрықтарда да фертильділік бұзылған жоқ.

Ұзақ мерзімді зерттеулерде егеуқұйрықтар мен тышқандарда канцерогенділік байқалмады.

Индапамид:

Жануарлардың әртүрлі түрлеріне пероральді енгізілетін ең жоғары дозалар (емдеу дозасынан 40-8000 есе) индапамидтің несеп айдайтын қасиеттерді күшейткенін көрсетті. Вена ішіне немесе құрсақішіне енгізілген индапамидтің жедел уыттылығын зерттеу кезінде уланудың негізгі симптомдары индапамидтің фармакологиялық әсерімен, яғни брадикардия және шеткері вазодилатациямен байланысты болды.

Индапамид мутагендік және канцерогендік қасиеттерге теріс нәтиже берді.

Репродуктивті уыттылықты зерттеу егеуқұйрықтарда, тышқандарда және қояндарда эмбриоуытты немесе тератогендік әсерді анықтаған жоқ.

Фертильділік егеуқұйрықтардың аналығында да, аталығында да бұзылған жоқ.

Периндоприл / индапамид:

Периндоприл / индапамид біріктірілімдері оның компоненттеріне қарағанда біршама уыттылыққа ие. Бүйрек көріністері егеуқұйрықтарда күшеймейтін секілді. Алайда, біріктірілім иттерде асқазан-ішек жолдарының уыттылығын тудырады, ал егеуқұйрықтарда аналықта уытты әсер күшейеді (периндоприлмен салыстырғанда).

Дегенмен, бұл жағымсыз әсерлер қолданылатын емдеу дозаларымен салыстырғанда өте байқалатын қауіпсіздік қорына сәйкес келетін дозалар деңгейінде көрінеді.

Периндоприлмен және индапамидпен бөлек жүргізілген клиникаға дейінгі зерттеулер геноуытты, канцерогендік немесе тератогендік потенциалды анықтаған жоқ.

Амлодипин:

Егеуқұйрықтар мен тышқандардағы репродуктивті зерттеулер босанудың кешігуін, босану ұзақтығының ұзаруын және мг/кг-ға есептегенде адам үшін ұсынылатын ең жоғары дозадан шамамен 50 есе көп дозада төлдерінің өміршеңдігінің төмендеуін көрсетті.

Амлодипин енгізілген егеуқұйрықтардың фертильділігіне тәулігіне 10 мг/кг-ға дейінгі дозада (1 мг/м²-ге 10 мг адам үшін ұсынылатын ең жоғары дозадан 8 есе* жоғары) әсер етілмеді (еркектер 64 күн ішінде және әйелдер жұптасудан 14 күн бұрын). Еркек егеуқұйрықтарды амлодипин безилатымен 30 күн бойы емдеген тағы бір егеуқұйрық зерттеуінде плазмадағы фолликулды ынталандыратын гормон мен тестостерон деңгейінің төмендеуі, сондай-ақ сперматозоидтардың тығыздығы мен сперматозоидтар санының төмендеуі анықталды. Жетілген Сперматидтер мен сертоли жасушаларының саны.

Тәулігіне 0,5, 1,25 және 2,5 мг/кг/тәуліктік дозаны қамтамасыз ету үшін есептелген концентрацияда екі жыл бойы тамақпен амлодипин қабылдаған егеуқұйрықтар мен тышқандар канцерогенділік белгілерін көрсетпеді. Ең жоғары доза (тышқандар үшін тышқандар үшін мг/м² және егеуқұйрықтар үшін екі есе* шаққанда ұсынылатын ең жоғары клиникалық 10 мг дозаға ұқсас) егеуқұйрықтар үшін емес тышқандар үшін ең жоғары жағымды дозаға жақын болды.

Мутагендік зерттеулер гендік немесе хромосомалық деңгейде есірткіге байланысты әсерлерді анықтаған жоқ.

* Пациенттың салмағы 50 кг болған кезде

6. ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

6.1. Қосымша заттар тізімі

Кальций карбонаты + желатинделген жүгері крахмалы

Микрокристалды целлюлоза

Натрий кроскармеллозасы

Магний стеараты
Коллоидты кремнийдің қостотығы
Желатинделген крахмал

Үлбірлі қабық:

Глицерин
Гипромеллоза
Магний стеараты
Макрогол-6000
Титанның қостотығы

6.2. Үйлесімсіздік

Қатысты емес

6.3 Жарамылық мерзімі

3 жыл

6.4 Сақтау кезіндегі ерекше сақтық шаралары

30 °С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

6.5 Шығарылу түрі және қаптамасы

«Сервье (Ирландия) Индастриз Лтд» өндірілген, Ирландия

30 таблеткадан дозатормен және құрамында ылғал сіңіретін гель (силикагель) бар тығынмен жабдықталған полипропилен құтыда.

1 құтыдан бірінші ашылуы бақыланатын картон қорапшадағы қосымша парақпен бірге.

«Сервье (Ирландия) Индастриз Лтд» өндірілген, Ирландия және «СЕРВЬЕ РУС» ЖШҚ өлшеп, орау (орату), Ресей:

30 таблеткадан дозатормен және құрамында ылғал сіңіретін гель (силикагель) бар тығынмен жабдықталған полипропилен құтыда.

30 таблеткасы бар 1 құтыдан бірінші ашылуы бақыланатын картон қорапшадағы қосымша парақпен бірге

«СЕРВЬЕ РУС» ЖШҚ өндірілген, Ресей

30 таблеткадан дозатормен және құрамында ылғал сіңіретін гель (силикагель) бар тығынмен жабдықталған полипропилен құтыда.

1 құтыдан бірінші ашылуы бақыланатын картон қорапшадағы қосымша парақпен бірге.

Стационарларға арналған қаптама: 30 таблеткадан дозатормен және құрамында ылғал сіңіретін гель (силикагель) бар тығынмен жабдықталған полипропилен құтыда.

3 құтыдан бірінші ашылуы бақыланатын картон қорапшадағы тиісті қосымша парақпен бірге

Қаптаманың барлық түрлері өткізу үшін қол жетімді бола бермейді

6.6 Пайдаланылған дәрілік препаратты немесе дәрілік препаратты қолданғаннан немесе онымен жұмыс істеген соң алынған қалдықтарды жойған кездегі айрықша сақтық шаралары

Утилизациялаудың ерекше талаптары жоқ.

Барлық қалған дәрілік препарат пен қалдықтарды белгіленген тәртіпте жою керек.

7. ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ ҰСТАУШЫСЫ

Сервье зертханалары, Франция/ Les Laboratoires Servier, France
92284 Франция, Сюрен Седекс, Карно көш, 50 / 50, rue Carnot, 92284 Suresnes Cedex,
France

7.1. Тіркеу куәлігі ұстаушысының өкілі

Тұтынушылардың шағымдарын мына мекенжайға жіберуге болады:

Ресей Федерациясы

«Сервье» АҚ

Мекенжайы: 125196, Мәскеу қ., Лесная көш., 7 үй, 7/8/9 қабат

Тел.: +7 (495) 93707 00

Факс: +7 (495) 937 07 01

Эл. пошта: servier.russia@servier.com

Қазақстан Республикасы және Қырғыз Республикасы

«Сервье Казахстан» ЖШС

Мекенжайы: 050020, Алматы қ., Достық даңғылы, 310 Г

Тел.: +7 (727) 386 76 62

Эл. пошта: kazadinfo@servier.com

Беларусь Республикасы

«Les Laboratoires Servier» УАО (Франция Республикасы) Беларусь Республикасындағы өкілдігі

Мекенжайы: 220030, Минск қ., Мясников көш, 70, оф. 303

Тел.: +375 (17) 306 54 55/56

Эл. пошта: officeBY@servier.com

Армения Республикасы

«Лаборатории Сервье» Өкілдігі

Мекенжайы: 0002, Ереван, Кентрон, Амирян көшесі, 15, 100 дүкен

Тел.: +374 (10) 50 50 74

Эл. пошта: mariam.antonyan@servier.com

8. ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ НӨМІРІ

9. БАСТАПҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ (ТІРКЕЛГЕНІН, ҚАЙТА ТІРКЕЛГЕНІН РАСТАУ)

Бірінші тіркеу күні:

10. МӘТІНІ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН КҮН

Трипликсам дәрілік препаратының жалпы сипаттамасы Еуразиялық экономикалық одақтың ақпараттық порталында <http://www.eurasiancommission.org>. «Интернет» ақпараттық - коммуникациялық желісінде қолжетімді

Дата утверждения 21.10.2024